



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДЕРБЕС РЕЙТИНГТІК АГЕНТТІК: МҮМКІНДІК ПЕ ӘЛДЕ ТӘУЕКЕЛ МЕ?



Қазақстанның дербес ұлттық рейтингтік қызметі болуы мүмкін. Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында бірінші оқылымда мақұлданған «Рейтингтік қызмет туралы» заң жобасы осы саланың құқықтық негізін қалыптастыруды көздейді. Жаңа құжатты депутаттар алдында Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова қорғайды. Мәдина Ерасылқызының айтуынша, ұлттық рейтинг жүйесінің болуы елдегі капитал нарығын кеңейтуге, инвесторлар сенімін арттыруға және бизнес үшін жаңа қаржыландыру көздерін ашуға жол ашады.

(Жалғасы 3-бетте)

МІНБЕР

Әділетті әрі қауіпсіз қоғам орнату – мемлекеттің басты ұстанымы. Әр азамат өткеніне қарайламайтын, ертеңіне алаңдамайтын бейбіт, бөрекелі елде өмір сүргісі, тамыр жайғысы, ұрпақ сүйгісі келеді. Ал мұндай бірегей қоғам құрудың бүгінгі формуласы «Заң мен тәртіп» қағидатына топтастырылған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әр жылғы жолдауларында заң мен тәртіп ұстанымын дамудың дара тетігі ретінде дәріптеп келеді. Себебі, тәртіпті сақтайтын, заңды жақтайтын елдегі азаматтардың қадамы нық, көңілі тоқ. Бұл қай кезде де құндылығын жоймаған тәмсіл.

МЕМЛЕКЕТ ШАЛЫС ҚАДАМ БАСҚАН АЗАМАТТАН ТЕРІС АЙНАЛМАЙДЫ

Қауіпсіз қоғам құрудың кілті – теңдікте, әділдікте, заңдылықта. Әр азамат өзін жайлы, қауіпсіз санап, қоғам мен мемлекеттің қолдауын сезінгенде ғана заң мен тәртіп өз мақсатына жетеді. Соның ішінде қателесіп заң шеңберінен шығып, сотты болғандар да қоғам мен мемлекеттің көмегіне зәру. Ізгілендіру саясатын ұлықтап, жазалауды емес, тәрбиелеуді тиімді санайтын Президентіміз өз жолдауларында жаза басқан жандардың назардан тыс қалмайтынын үнемі қаперге салып келеді.

Құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде сөйлеген сөзінде Президент: «Мемлекет шалыс қадам басқан азаматтан теріс айнамайды, оның тура, дұрыс жолға түсуіне жәрдем береді. Негізгі мақсат – сотталған адамды қоғамнан алшақтату емес. Тиісті тәрбие жұмысын жүргізу өте маңызды. Олардың бойына заң мен тәртіп құндылығын сіңіретін және қалыпты өмірге оралуына ықпал ететін озық тәсілдерді енгізу керек», – дей келе бұл бағыттағы жұмыстардың қалай жүргізілуі, қандай мәселелер ескерілуі қажет екенін қадап айтты.

Президенттің бұл тапсырмасы ҚР Бас Прокуроры Берік Асылытовтың төрағалығымен өткен алқа отырысында таразы басына салынды. Жиында ҚАЗЖ саласындағы заңдылықты қамтамасыз ету, пенитенциарлық мекемелерді жаңғырту, медициналық көмек, сотталғандарды

еңбекпен қамту және оларды қайта әлеуметтендіру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Бас Прокурор Берік Ноғайұлы «Заң бұзған тұлғалар қоғамнан шеттетілмеуі тиіс. Мемлекеттің міндеті – оларды заңға бағынатын әрі қоғамға пайдалы азаматтар ретінде қайта қалыптастыру. Бүгінде 30 мың сотталғанның әрбір үшіншісі бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтеген. Өз кезегінде бір сотталғанды ұстауға мемлекеттен жылына 3 миллион теңгеге дейін қаржы бөлінеді дей келе, халықаралық тәжірибені ескере отырып сотталғандарды еңбекпен қамту және табысты әлеуметтік бейімдеу неғұрлым тиімді екенін алға тартты. Сондай-ақ Бас прокуратура заңнамаға өзгерістер енгізіп, жазасын өтегендерді қайта әлеуметтендіру функциясын өкімдіктерге беріп, ал бұл жұмысты үйлестіру Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелгені тиімді деген ұсынысын айтты.

Расында айналамызда сүрініп кетіп бүлініп жүрген тағдырлар қаншама?! Ол біреудің әкесі, біреудің бауыры, біреудің баласы. Ең бастысы, өзінің қателігіне, ағаттық жасағанына қарамастан сотталған адам да біздің елдің бір азаматы, сіз бен біз өмір сүріп отырған қоғамның бір мүшесі.

(Жалғасы 2-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҮХБАТ

Айжан МОЛДАҒАЛИЕВА, Д.Қонаев атындағы университетте «Құқық» даярлау бағытының аға оқытушысы, заңгер:

«ТАБЫСТЫ БОЛУДЫҢ КІЛТІ – ҮЗДІКСІЗ ДАМУ МЕН САПАЛЫ БІЛІМ»

«Практикалық дағдылармен оқытуға басымдық береміз»

– Бүгінгі еңбек нарығында заңгер мамандығына деген сұранысты қалай бағалайсыз?
– Заңгер мамандығына деген сұраныс туралы пікірлер әртүрлі. Бұл салада қазіргі таңда екі-жақты пікір қалыптасқан, бір жағы, бәсекелестік күшейіп барады, екінші жағы, керісінше, құқықтық қызметтерге қажеттілік артып келеді деп есептейді. Шын мәнінде, қазіргі жағдайды біржақты бағалау қиын – сұраныс құрылымы күнделікті өзгеруде.

Ең алдымен, заңгер қашан да сұранысқа ие, заңгерлерге деген жалпы қажеттілік жойылған жоқ. Керісінше, бизнестің күрделенуі, цифрландыру үдерісі, халықаралық қатынастардың кеңеюі құқықтық сүйемелдеуді талап етеді. Әсіресе корпоративтік құқық, IT-құқық, салық және халықаралық құқық салаларында білікті мамандарға сұраныс тұрақты түрде өсіп келеді. Бұл – заңгер мамандығының жаңа бағыттарға бейімделіп жатқанын көрсетеді.

Қазіргі кезең бәсекелестіктің кезеңі. Дәстүрлі бағыттағы заңгерлер үшін бәсекелестік айтарлықтай күшейді. Жыл сайын жоғары оқу орындарын бітіретін түлектер саны көп, ал бастапқы деңгейдегі бос орындар шектеулі. Соның салдарынан еңбек нарығында «артық ұсыныс» әсері байқалады. Бұл құбылыс кейбіреулерге мамандықтың тарылып бара жатқанындай көрінуіне себеп болады.

Осы тұста білім сапасының маңызы ерекше. Мысалы, Дінмұхамед Қонаев атындағы университет білім алушыларды тек теориямен ғана емес, практикалық дағдылармен оқытуға басымдық береді. Университетте құқықтық клиника, тәжірибелік сабақтар, сот процестерін модельдеу сияқты әдістер кеңінен қолданылады. Бұл түлектердің еңбек нарығына бейімделуін жеңілдетеді.

Сонымен қатар, университет халықаралық ынтымақтастықты дамытып, студенттерге шетелдік тәжірибені меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл – қазіргі жаһандану дәуірінде заңгер үшін маңызды артықшылық. Себебі жұмыс берушілер тек дипломға емес, нақты дағдылар мен көпсалалы білімге назар аударады.

Заңгер мамандығына сұраныс толықтай төмендеп жатыр деу қате. Нарық кеңейіп, сапалық тұрғыда қайта құрылууда. Яғни, орташа деңгейдегі мамандар үшін бәсекелестік күшейгенімен, жоғары білікті заңгерлерге деген сұраныс күннен күнге артауда. Бұл жағдайда табысты болудың кілті – үздіксіз даму мен сапалы білімде.

– Сана мәселесі туралы айтылатын сын-пікірлермен келісесіз бе?

– Бүгінгі күні заңгер мамандығына қатысты ең көп айтылатын міннің бірі – білім сапасының сын көтермейтіндігі. Бұл пікірмен белгілі бір деңгейде келісуге болады. Себебі еңбек нарығында дипломы бар, бірақ практикалық дағдылары жеткіліксіз кәсіби емес мамандардың кездесуі жасырын мәселе емес.

(Жалғасы 5-бетте)

3-БЕТ



Жаңаөзендегі бастама – өңірлік дамудың жаңа белесі

6-БЕТ



Ұстазыңды атаңнан да өзің тұт

8-БЕТ



Сайтан аулаушылар

МЕМЛЕКЕТ ШАЛЫС ҚАДАМ БАСҚАН АЗАМАТТАН ТЕРІС АЙНАЛМАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жаза басқан адамды шетке қағып, кемшілігін қайта-қайта бадырайтып бетіне басып, арамыздан алыстатуға тырысқаннан қоғам таза, қауіпсіз болып кетпейді. Қылмысты тыйыммен, қылмыскерді жазалаумен түзеуге болмайтын өмір көрсетті. Сондықтан да зайырлы, өркениетті елдердің барлығы қылмыстың салдарымен күрескенше, себебіне үнілуге, қылмыскерді соттағаннан тәжірибелі, қылмыстың алдын алуға басымдық береді. Біз үлгі ететін дамыған елдердің көпшілігі сотты болған отандастарын бостандығынан айырып, қоғамнан оқшаулауға емес, жақын жандарының қолдауын сезіне отырып, қателігін түзгенін пайдалы деп есептеп, бас бостандығынан айырмайтын жазаларды жиі қолданады. Қазақстанның бүгінгі құқықтық саясатының да көздегені осы.

Қазіргі уақытта құқық бұзушылықтың алдын алу, қайта жасалатын қылмыстың деңгейін төмендету және құқық бұзушыларды әлеуметтік ортаға бейімдеу мәселелері мемлекеттік саясаттың басым бағытының біріне айналды. Осы тұрғыда пробацация қызметінің рөлі ерекше, өйткені ол тек бақылау функциясын ғана атқарып қоймай, сонымен қатар әлеуметтік-құқықтық қолдау көрсету арқылы тұлғаның қайта әлеуметтенуіне ықпал ететін ерекше құрылым. Бұл қызметке жүктелген жауаптылықтың қаншалықты ауыр, сенімнің қаншалықты салмақты екенін Президент сөзінен де бағамдауға болады. «Біз қазір қылмыстық жаза саясатын мейлінше ізгілендіруге, жетілдіруге баса мән береміз, яғни бас бостандығынан айырудан бөлек жаза түрлеріне басымдық беріледі. Бұл пробацация қызметіне анағұрлым көп салмақ түседі деген сөз», – деді Мемлекет басшысы өз сөзінде.

Пробацация – қылмыстық жазаны өтеудің баламалы түрлерін іске асыратын, сотталған азаматтарды қоғамнан оқшаулаусыз түзетуге бағытталған кешенді институт. Қазақстан – пробацациялық жүйені ТМД және Орта Азия елдері ішінде бірінші болып қабылдаған ел. Елімізде пробацация ұйымы алғаш рет 2012 жылы қолданыла бастады. Ал, 2016 жылы «Пробацация туралы» заң қабылданып, оның әлеуеті мен өзектілігі арта түсті. Пробацацияның басты функциясы қоғамды қылмыстан таза, құқық бұзушылықтан жоғары ұстауға бағытталған. Одан кейінгі міндеттері де осал емес.

Біріншіден, пробацация құқық бұзушы тұлғалардың мінез-құлқын оңалтуды, үнемі тілдесіп, пікірлесіп санасына қозғау салуды мақсат етеді. Түзеу жұмыстарында отбасы мен жақындарының ықпалы көп болғандықтан, шалыс басқан жандардың жақындарымен ашық диалог орнатып, оларды тәрбиелеу жұмысына тарту да пробацация қызметкерлерінен шеберлік пен кәсібилікті талап етеді.

Екіншіден, сотталушыларды еңбекке бейімдеу – ең тиімді, ең ықпалды әдіс. «Ең жақсы ем – еңбек терапиясы» деген тәмсіл тегін айтылмаған. Сондықтан пробацация қызметі жазасын



Мұрат ТЛЕУБЕРДИЕВ,
Түркістан облысының
прокуроры

өтеушілердің кәсіп меңгеріп, тұрақты жұмыс табуына, жеке кәсібін ашып, өз қабілет-қарымын шыңдауына барынша көмектеседі. Әкімдік, мемлекеттік орган, орта және ірі кәсіп иелерімен бірігіп өткізілетін бос орындар жәрмеңкесіне де пробацация қызметкерлері белсене қатысып, жазасын өтеушілердің екі қолға бір күрек табуына қол ұшын созып келеді. Бүгінге дейін сотталғандарды жұмысқа орналастыру үшін бөлінген 183 квотаның 76-ы орындалды, 107-сі орындалу сатысында. Бұл жұмыстың атқарылуын прокуратура үнемі бақылауында ұстап отыр. Сондай-ақ «КАТСО», «КазКрахмал», «Kaz Eco Meat», «ЭКОИНВЕСТ ЭС ЭЙ» сияқты ірі кәсіпорындармен екіжақты келіссөздердің арқасында 3 айда 205 тұлға тұрақты жұмысқа орналасқан. Бұл үлкен нәтиже.

Үшіншіден, есепте тұрғандардың әлеуметтік мәселелерін шешу де пробацацияның басым бағытының бірі. Тұрақты жұмыс таппаған, отбасында қиындыққа тап болған, тұрғылықты баспанасы жоқ жандардың қайта қылмыс жасау қаупі жоғары. Осындай түйткілдердің алдын алып, кездескен кемшілікті бірігіп шешудің де өз нәтижесі бар.

Айталық әлеуметтік түсіндірме жұмыстарынан кейін 123 жаза өтеушіге 5 млн теңге көлемінде біржолғы өтемақы төленіп, 2 жанұяға жалдамалы тұрғын үй төлемінің 50 пайызын әкімшілік төлеуде. Сонымен бірге 24 жанұяға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, 16 отбасыға азық-түлік табысталған. Жеке кәсібін бастауға ниетті 28 жаза өтеушіге 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие беріліп, 24-не 1,7 млн теңге көлемінде қайтарымсыз грант тағайындалды. Екі азаматтан ауыл шаруашылық техникасын алу туралы өтінім қабылданған.

Төртіншіден, пробацациялық бақылаудағы азаматтардың жауаптылығын арттырып, құқықтық мәдениетін қа-

лыптастырудың ықпалы орасан. Заң мен тәртіпке бағынған азаматтың ортаға сіңісіп кетуі оңай. Оның әліппесі пробацациялық бақылауға уақытылы келіп, ескі әдеттерден арылудан, отбасы мен қоғамға деген жауаптылықты түсінуден басталады.

Түркістан облысының пробацациясында 17 бөлім бар. Онда қазір 89 қызметкер есепте тұр. Пробацациялық есепте тұрған 2411 тұлғаның бүгінде 806-сы тұрақты жұмысқа орналасқан, өзін-өзі жұмыспен қамтығаны – 653 болса, 160-сы оқушы, зейнеткер, бала күтіміндегі аналар. Пробацация қызметінің жұмысын жүйелеп, бағыт-бағдарын айқындауда об-

тың, дастарқанына арақ қойылмайтын ауылдар санының артуы қылмыстың да, қылмыскерлердің де азаюына түрткі болып отырғанын айту артық.

Жылдар бойы берілген тәрбиеден гөрі көзбен көрген бір ғана ашық сот отырысының әсері айтарлықтай жоғары болатыны рас. Бұл әдістің тиімді екенін білгендіктен прокуратура пробацация есебінде тұрғандардың қатысуымен ашық сот отырыстарын тұрақты түрде өткізуде. Сот табалдырығын аттаған сотталушыларға заңның салмағы мен пәрменін қайта сезініп, бостандық пен темір тордың ара жігін ажырату айтарлықтай әсер етері анық. Осындай сот процестерінен кейін жазасын өтеушілер өз қателігін түсініп, қайта қылмыс жасамайды.

Жалпы, пробацация қызметі жыл өткен сайын жанданып, жұмысын жүйелеп келеді. Соңғы жылдары қолданысқа енген «FSM Social» қосымшасының жазасын өтеушілермен тығыз байланыс орнатуға маңызы зор. Бұл қосымша Түркістан облысында алғаш қолданылғанын айта кету керек. Қосымша – есептегі тұлғалардың әлеуметтік көмек, тұрғын үй кезегі, атаулы

Бас Прокурор Берік Асыллов «Заң бұзған тұлғалар қоғамнан шеттетілмеуі тиіс. Мемлекеттің міндеті – оларды заңға бағынатын әрі қоғамға пайдалы азаматтар ретінде қайта қалыптастыру. Бүгінде 30 мың сотталғанның әрбір үшіншісі бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтеген. Өз кезегінде бір сотталғанды ұстауға мемлекеттен жылына 3 миллион теңгеге дейін қаржы бөлінеді» дей келе, халықаралық тәжірибені ескере отырып сотталғандарды еңбекпен қамту және табысты әлеуметтік бейімдеу неғұрлым тиімді екенін алға тартты. Сондай-ақ Бас прокуратура заңнамаға өзгерістер енгізіп, жазасын өтегендерді қайта әлеуметтендіру функциясын әкімдіктерге беріп, ал бұл жұмысты үйлестіру Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелгені тиімді деген ұсынысын айтты.

лыстық прокуратураның да көмегі көп. Себебі прокуратура органы құқық бұзушыларды қоғамға қайта бейімдеу үшін олардың қылмысқа не үшін барғанын, шалыс басуына не себеп болғанын анықтап қоймай, тығырыққа тірелген сәтте қай туысынан көмек қажет екенін білу мақсатында есепте тұрған әр азаматтың әлеуметтік портфолиосын жасайды. Сондай-ақ Қылмыстық атқару жүйесі мекемелері мен білім беру ұйымдары арасында телекөпірлер өткізудің кестесін бекіту де прокуратураның ұдайы назарында. Мұндай іс-шаралар жастарды қылмыстан сақтандырып, қоғамдағы құқық бұзушылықтарға тегуірді тосқауыл қояды.

Қылмыстың орын алуына, кешегі тәрбиелі жастың бүгінгі құқық белдеуінен аттауына түрткі болатын себептің негізгісі – есірткі мен ішімдік. Осыған орай прокуратура құзырлы органдармен бірлесіп аймақта арақасыз ауылдардың көбеюіне мұрындық болып келеді. Дүкендерде арақ сатылмай-

әлеуметтік көмек, жұмыспен қамту, денсаулығына байланысты емханаға жолдау, бір реттік қаржылай көмек, балаларын балабақшаға орналастыру сияқты көптеген мәселелер туралы дер кезінде хабар алып, оларды жедел шешуге көмектесті. 2026 жылдың 3 айында «FSM Social» бағдарламасы арқылы 662 сигнал беріліп, оның 225-і орындалды. Соның арқасында есепте тұрған 100 азаматқа әлеуметтік көмек көрсетіліп, 93-і жұмыспен қамтылды, 73 адамға денсаулығына байланысты емханаға жолдама беріліп, 105-і бір реттік қаржылай көмек алды. Бұдан бөлек психологиялық, құқықтық көмек алған, медиаторлар кеңесіне жүгінген, тұрғын үй кезегіне қойылып, демеушілер есебінен қолдауға ие болған, балаларын балабақшаға орналастырғандардың қатары қалып. Осындай жұмыстардың нәтижесінде қайта жасалған қылмыстар саны 22-ден 11-ге, яғни, 50 пайызға төмендеді. Кешенді шаралар тиімділігін көрсеткендіктен

алдағы кезеңдерде бұл бағыттағы жұмыстар жалғаса береді.

Әрине, «Бес саусақтың бірдей болмайтыны» сияқты, мемлекет пен қоғам тарапынан ауқымды қолдау мен көмек көрсетіліп жатқанына қарамастан, пробацациялық есепте тұрғандардың да теріс әрекет жасап, құқық бұзушылықты қайталайтындары кездеседі. Бостандық пен қамқорлықтың қадірін білмегендерге жаза қатал. Мәселен, биылғы есепте тұрған 23 азамат ҚР ӨҚБТК-нің 669-бабымен әкімшілік жауаптылыққа тартылған. Сонымен бірге құқық бұзушылыққа және қылмысқа бейім 42 жаза өтеуші анықталып, олар бас бостандығынан айыру орындарына қайтарылып отыр. Заң – қысым көрсету немесе қудалау құралы емес. Дегенмен, «Қамысты бос ұстасаң қол кеседі» демекші, мемлекет тарапынан жасалған жеңілдік мен қолдаудың парқын түсінбегендерге кешірім болмауы тиіс. Бұл басқаларға да сабақ болады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау қызметкерлері қатысқан келелі кеңесте: «Кейбір елде жазасын өтеушілер «қамау мерзімін қыскартуға» мүмкіндік беретін шараларды қолдана алады. Абақтыда ескерту алмаған, жаңа білім игерген, спорттық-мәдени шараларға қатысқан адамдарға осындай жеңілдік беріледі. Үкімет Бас прокуратурамен бірлесіп, осы мәселені мұқият пысықтауы қажет. Шетелдің озық тәжірибесін зерттеген жөн. Бұл жұмысқа отандық сарапшыларды да тарту қажет» деген еді.

Прокуратура тарапынан пробацациялық қызметті жандандыруға, бұл саланың жұмысын нәтижелі етуге ықпал ететін механизмдерді зерделеуге қатысты ізденістер жасалып жатыр. Осы ретте пробацация институты қалыптасуы жұмыс істейтін өркениетті елдердің тәжірибесіне үнілген артықтық етпейді. Мәселен, Америка Құрама Штатында түзеу мекемелерінен босатылған, немесе бас бостандығынан шектелген азаматтар пробацациялық есепке алынған сәттен көптеген коррекциялық, яғни түзету бағдарламалары мен сынақтарынан өтуі міндетті. Соның ішінде мінез-құлқы түзеу, бойдағы ашу мен агрессияны төмендетуге көмектесетін курстар мен белгілі бір кәсіпті меңгеруіне жағдай жасалады. Бұл сынаққа бағынбағандар түзеу мекемесіне қайта қайтарылады. Міне, осындай коррекциялық бағдарламаларды үйлестіру біздің елімізде де маңызды.

Сонымен қатар, шетелдерде пробацациядағы азаматтарға психологиялық көмек беретін, олардың туыстарына қолдау көрсететін, отбасылық қиындықтардан шығуына жол сілтейтін волонтерлар шоғыры қалыптасқан. Мұндай еріктілер пробацация қызметінің жүктемесін айтарлықтай жеңілдетеді.

Бұдан бөлек, көп елдерде пробацациядағы азаматтарға кәсіп үйрететін, қоғамға қажет дағдыларды қалыптастыратын үкіметтік емес ұйымдар да баршылық. Ал бізде әлі күнге дейін азаматтық қоғам сотты болған азаматтардан алыс жүруге тырысады. Тіпті, олардан қауіптеніп кәсіби байланыс жасаудан да қашатындар көптілікті. Шындығында сотталғандар да адам. Олар жасаған қателіктен ешкім де сақтандырылмаған. Сондықтан, қалыптасқан өмірге оралғысы келетін, қылмыстан қол үзіп, ел дамуына үлес қосқысы келетін азаматтардың кемшілігіне кешіріммен қарап, қатарымыздан табылуына қоғам болып қол ұшын созғанымыз абзал.

Алайда, алиментті өндіріп алу туралы дауларды қоспағанда, балалардың құқықтары қозғайтын даулар бойынша істер оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатпайды.

Істі оңайлатылған іс жүргізу де қараумен келіспеген тараптар – хабарлама алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде сотқа дауды талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша жалпы тәртіппен қарау туралы өтінішхат, ал жауапкер құжаттар мен дәлелдемелерді қоса бере отырып, талап қоюға пікір (қарсылық) ұсынуға құқылы. Пікірді, дәлелдемелерді және өзге де құжаттарды ұсыну үшін сот белгілеген мерзімдер өткеннен кейін сот тараптарды шақырмастан, істі оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен электрондық форматта қарайды. Сот тараптар ұсынған құжаттарда жазылған түсініктемелерді, қарсылықтарды және дәлелдемелерді зерттейді және шешім қабылдайды.

Б.БАСЫРБАЕВ,
Орал қаласы №2 сотының судьясы

ПАЙЫМ

Судья оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен істерді талап қою қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде қарайды. Мұндай істерді қарау мерзімі ұзартылмайды. Яғни, судья талап қоюдың заңды негізін тексере отырып, дәлелдемелерді зерттей келе сот шешімін шығарады. Ол өз кезегінде тараптардың уақыты мен шығынын үнемдеп, сотқа деген сенімді арттырады.

Егер тарап бұл туралы өтінішхат берсе, үшінші тұлғаның іске кіруі туралы өтінішхаты қанағаттандырылса, қарсы талап қою қабылданса, осы іс бойынша қабылданған сот актісімен басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы мүмкін болса, дәлелдемелерді олардың тұрған жерінде қарап тексеру және зерттеу жүргізу, сараптама тағайындау немесе куәнің айқартынын тыңдау қажет болса, қосымша мән-жай-

ларды анықтау немесе қосымша дәлелдемелерді зерттеу қажет болса, істі талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша қарауға көшеді. Алайда, істі қарау мерзімі талап қою қабылданған күннен бастап есептеледі, ол екі айдан аспауы тиіс.

Егер талап қою бағасы заңды тұлғалар үшін – екі мың АЕК, дара кәсіпкерлер үшін бір мың АЕК-тен аспаса, ақшаны өндіріп алу туралы талап қоюлар бойынша; талап қою бағасына қарамастан, талап қоюшы ұсынған, жауапкердің ақшалай міндеттемелерін белгілейтін құжаттарға және шарт бойынша берешекті растайтын құжаттарға негізделген талап қоюлар бойынша істер оңайлатылған (жазбаша) тәртіппен қаралуға жатады.

Егер осы көрсетілген мән-жайлар болмаса, та-



лап қою ісін жүргізудің өзге де істері тараптардың өтінішхаты бойынша немесе соттың бастамасы бойынша оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралуы мүмкін.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЙМАҚ

ДЕРБЕС РЕЙТИНГТІК АГЕНТТІК: МҮМКІНДІК ПЕ ӘЛДЕ ТӘУЕКЕЛ МЕ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Рейтингтер – қаржы нарығы инфрақұрылымының негізгі элементі. Олар борыштық бағалы қағаздарды шығару және айналысқа жіберу, сондай-ақ эмитенттердің кредит қабілеттілігі мен қаржы құралдарын бағалау кезінде пруденциалдық реттеуде кеңінен қолданылады. Бүгінгі күні Қазақстан аумағында «Standard & Poor's, Moody's және Fitch Ratings» халықаралық рейтингтік агенттіктері рейтинг береді. Сонымен бірге шетелдік рейтингтік агенттіктерді аккредиттеу арқылы «ЭКСПЕРТ РА» және «АКРА» пруденциалдық реттеу мақсатында рейтинг береді. Бұл ретте ұлттық рейтингтік бағалау жүйесі және құқықтық базасы қалыптаспаған. Рейтингтерді негізінен қаржы ұйымдары мен ірі бизнес компаниялары алады.

Ұлттық рейтингтік жүйені құру шағын және орта бизнес үшін капитал нарығына шығуды жеңілдетеді. Бұл қаржы алу құнын төмендетуге, ақпараттық асимметрияны азайтуға және эмитенттердің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді. Банкілер, зейнетақы қорлары және сақтандыру ұйымдары сияқты институционалдық инвесторлар үшін инвестициялау мүмкіндігін кеңейтеді. Рейтингтік қызметті реттеудің негізгі мақсаты – рейтингті пайдаланушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, кредиттік рейтингтік агенттіктер қызметінің ашықтығы мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету. Осыған орай жаңа құжатта рейтингтік қызметтің құқықтық негіздерін белгілеу, рейтингтік қызметтің ашықтығы мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету, рейтингтік қызметті мониторингтеу және қадағалау, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың қаржылық сауаттылығын арттыру және қаржы нарығына деген сенімді нығайту тетіктері жасалды.

Заң жобасы шеңберінде кредиттік рейтингтік агенттіктердің үш түрін көздейтін институционалдық модель енгізілді. Біріншісі – тәуелсіз ұлттық рейтингтік бағалау институты ретінде Қазақстанның рейтингтік агенттігін құру. Оның акционерлері Ұлттық банк, халықаралық рейтингтік агенттік және басқа да қаржы ұйымдары болады. Ұлттық банк агенттіктің қаржылық орнықтылығын және қаржы нарығы тарапынан сенімді қамтамасыз етеді.

Келесі бағыт – рейтингтік қызметті мемлекеттік бақылау мен қадағалау. Заң жобасында кредиттік рейтингтік агенттіктердің қызметін реттеу мен қадағалаудың толық циклі қалыптастырылады. Агенттікке халықаралық және шетелдік рейтингтік агенттіктерді тану, мониторингтеу және тануды кері қайтарып алу, сондай-ақ рейтингтік қызмет туралы заңнама талаптарының сақталуын бақылау өкілеттіктері беріледі. Нарыққа кіруге рұқсат беру үшін халықаралық және шетелдік рейтингтік агенттіктерге біліктілік талаптары белгіленеді. Оған кезінде бес жыл қызмет тәжірибесі, меншікті капитал деңгейінің жеткілікті болуы, тексеруден өткен әдіснамасы және институционалдық тәуелсіздігі жатады. Агенттікке қызметті тексеру және қадағалау шараларын қолдану бойынша өкілеттіктер беріледі.

Үшінші бағыт – кредиттік рейтинг әдіснамаларына қойылатын талаптарды белгілеу. Рейтингтік қызмет тек бекітілген әдіснамалар негізінде жүзеге асырылады. Әдіснамалар кредит қабілетін кешенді бағалауды, тәуекелдің барлық маңызды факторын ескеруді, тарихи деректер негізінде салыстыруды және тексеруді қамтамасыз етуге тиіс. Бұған қоса әдіснамаларды жылына кемінде бір рет тұрақты жаңартып отыру талабы енгізіледі. Әдіснамаларда қателер анықталған жағдайда оларды ашу міндеті енгізіледі.

Төртінші бағыт – рейтингтік агенттіктердің тәуелсіздігіне, мүдделер қалыптасуына басқаруға және корпоративтік басқаруға қойылатын талаптарды белгілеу. Бұл рейтингтік агенттіктердің институционалдық және операциялық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды көздейді. Осы тұрғы-

да мүдделер қалыптасуын анықтау және басқару бойынша ішкі саясаттардың болуына қойылатын талаптар қарастырылады. Корпоративтік басқаруға және меншік құрылымына қойылатын талаптар белгіленеді. Қазақстанның рейтингтік агенттігінің капиталына қатысу үлесіне 10%-дан аспайтын лимит енгізіледі. Директорлар кеңесіне жоғары талаптар енгізіледі, яғни директорлар кеңесінің кемінде жартысы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Сонымен қатар ақпараттың ашықтығына және оны ашуға қойылатын талаптар белгіленбек. Мұндағы басымдық рейтингтік агенттіктер үшін ақпаратты ашу стандарттарын белгілеу. Барлық рейтингтік агенттіктер өздерінің интернет-ресурсында әдіснамаларды, баға белгілеу саясатын және орын алған мүдделер қалыптасуын ашық жариялауға міндетті.

Осы жайлы баяндай келе Мәдина Әбілқасымқызы бұл құжаттың кредиттік рейтингтердің ашықтығын, тәуелсіздігін және сапалы болуын қамтамасыз етуге бағытталған, рейтингтік қызметті реттеудің жүйелі және халықаралық стандарттарға сәйкес моделін қалыптастыратына сендіруге тырысты. Оның айтуынша, заң жобасы ішкі капитал нарығын дамыту үшін институционалдық негіз болумен қатар инвесторлардың құқықтарын қорғауды және қаржы жүйесіне деген сенімді арттырады. Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымының (IOSCO) қағидаттары мен озық халықаралық практикаға негізделген реттеуді енгізу қазақстандық эмитенттердің халықаралық капиталға қол жеткізуін кеңейтеді, сондай-ақ шетелдік инвесторлар үшін еліміздің инвестициялық тартымдылығын ұлғайтады.

Алайда, Мәдина Әбілқасымқызының бұл тұжырымы депутаттар арасында қызу пікірталас тудырды. Атап айтқанда, «Ақ жол» фракциясы ұлттық рейтингтік агенттіктің құрылтайшыларының бірі ретінде Ұлттық банктің қатысуына қарсы екенін білдірді. Фракция жетекшісі Азат Перуашевтің айтуынша, мұндай тәсіл реттеуші орган мен бағалаушы институттың арасындағы мүдделер қақтығысын тудыруы мүмкін. Яғни, бір жағынан Ұлттық банк қаржы нарығын реттесе, екінші жағынан сол нарық субъектілеріне рейтинг беретін агенттіктің құрылтайшысы болмақ. Депутат бұл жағдай рейтингтердің тәуелсіздігіне күмән келтіріп, инвесторлар сеніміне кері әсер етуі мүмкін деп есептейді. Осыған байланысты ақжолдықтар Ұлттық банктің агенттік құрамынан белгілі бір мерзім өткен соң міндетті түрде шығуын заң жүзінде бекітуді ұсынады. Егер мұндай норма енгізілмесе, жаңа құрылым квазимемлекеттік сектордың тағы бір элементіне айналуы ықтимал. Бұл өз кезегінде экономиканы либерализациялау және мемлекет үлесін қысқарту саясатына қайшы келеді.

Заң жобасын әзірлеушілер Ұлттық банктің бастапқы кезеңде қатысуы агенттіктің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажет екенін алға тартты. Олардың айтуынша, жаңа институттың қалыптасуы үшін уақыт пен сенім қажет, ал мемлекеттік қолдау осы процесті жеделдетеді. Дегенмен, нарықтық қағидаттар тұрғысынан қарағанда, негізгі мәселе – болашақ агенттіктің нақты тәуелсіздігі мен оған деген сенім деңгейінде болып отыр.

Жалпы алғанда, заң жобасы қаржы нарығын дамыту үшін маңызды қадам ретінде бағаланады. Алайда оның табысты іске асуы ұсынылған нормалардың қаншалықты теңгерімді әрі нарық талаптарына сай болуына тікелей байланысты. Сарапшылардың айтуынша, егер заң жобасы халықаралық стандарттарға сай жетілдіріліп, тәуелсіздік қағидаттары толық қамтамасыз етілсе, бұл Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын айтарлықтай арттыруы мүмкін. Ал керісінше жағдайда, жаңа рейтингтік агенттік күтілген нәтижені бермей, формалды құрылым деңгейінде қалып қою қаупі де жоқ емес.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

Тірлігі түзеліп, оң өзгерістер қарқын ала бастаған – Маңғыстау облысы соңғы жылдары өңірлік дамудың тың тетіктерін тиімді іске асырып келе жатқан аймақтардың біріне айналды. Соның айқын дәлелі – 13 сәуір күні Жаңаөзен қаласында өткен, жергілікті шағын және орта кәсіп өкілдерінің өлеуетін арттыруға бағытталған ауқымды көрме болды. Бұл шара «Бір ауыл – бір өнім» арнайы жобасы аясында ұйымдастырылып, өңір экономикасының жаңа мүмкіндіктерін айқындап берді. Кәсібінің нәсібін көріп кәсіптерін ұршықша иірген шаруалар көрме арқылы өзінің өнімдерін таныстырып қана қоймай, сондай-ақ өзара тәжірибе алмасуға да мүмкіндік алды.



ділігін арттыруға бағытталған стратегиялық құралға айналды.

Жобаның басты мақсаты да сол. Жергілікті шикізатты тиімді пайдалану арқылы сапалы әрі бәсекеге қабілетті өнім шығару болып отыр. Сонымен қатар, өнімдерге брендинг, сертификаттау және маркетингтік қолдау көрсетіліп, ішкі және сыртқы нарықтарға жол ашылмақ.

Маңғыстау – көшбасшы өңір

Маңғыстау облысы бұл жобаны іске асыруда республика бойынша алдыңғы қатарда тұр. Аймақтағы кәсіпкерлердің белсенділігі, жер-

ЖАҢАӨЗЕНДЕГІ БАСТАМА – ӨҢІРЛІК ДАМУДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ



гілікті биліктің қолдауы және инфрақұрылымдық мүмкіндіктердің бәрі осы жетістіктің негізгі факторларына айналған. Өңірде жүзеге асырылып жатқан мұндай жобалар бірнеше маңызды міндетті қатар шешуге мүмкіндік бермек. Атап айтқанда шалғайда жатқан ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын құруға, халықтың табысын арттыруға, сондай-ақ ішкі миграцияны азайтып, отандық өнімдердің экспорттық әлеуетін күшейтуге кірісуде.

Инфрақұрылым және мемлекеттік қолдау – дамудың өзегі

Өңірлерді дамыту тек кәсіпкерлікпен шектелмейтіні рас. Инженер-

Жергілікті өндіріс – ұлттық экономиканың тірегі

Бұл жолы ұйымдастырылған көрменің басты ерекшелігі – жергілікті кәсіпкерлердің өз өнімдерін кеңінен таныстыруы болды. Ауыл шаруашылығы, колөнер, қайта өңдеу сияқты салаларда еңбек етіп жүрген азаматтар өз жетістіктерін ортаға салып, кәсіпті өркендетудің тың тәжірибесімен бөлісті. Бұл – тек өнім көрмесі ғана емес, өңірдегі шағын және орта бизнестің нақты әлеуетін көрсеткен маңызды алаң болды десек артық айтпаспыз.

Іс-шараға Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Тілек Жеткізгенұлы бастаған делегация қатысып, кәсіпкерлермен тікелей жүздесті. Еркін форматта өз ойларын ортаға салған кәсіпкерлер билік өкілдеріне өздерінің мұң-мұқтажы мен ұсыныстарын да білдіруге мүмкіндік алды. Мұндай кездесулер – билік пен бизнес арасындағы байланысты нығайтудың да тиімді құралына айналары сөзсіз.

«Прокурорлық фильтр» – ашық диалог алаңы

Көрме аясында ұйымдастырылған «прокурорлық фильтр» форматындағы кездесу – кәсіпкерлер үшін күнде бола бермейтін ерекше мүмкіндік болғанын атап өткен жөн. Бұл алаңда шағын және орта бизнес өкілдері өздерін толғандырған мәселелерді ашық айтып, мемлекеттік органдармен тікелей байланыс орнатты. Инвесторлардың құқықтарын қорғау, әкімшілік кедергілерді азайту, заңнамалық түсіндіру жұмыстары – осы кездесудің негізгі тақырыптарының біріне айналды.

Бұл формат – қазіргі таңда жиі қолданылып келе жатқан тиімді тәжірибе. Ол кәсіпкерлердің сенімін арттырып қана қоймай, мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығын да көрсетеді. Көрменің жергілікті кәсіпкерлердің өз істерін дамытуға мол мүмкіндік беретінін өңірдің кәсіп-



керлер палатасының директоры Аққу Айтжанова да атап өтті.

– Бүгінгі өткізіліп отырған «Бір ауыл – бір өнім» жобасы жергілікті кәсіпкерлерге жасалған мол мүмкіндік екенін атап өткен жөн. Істің көзін тапқан жергілікті кәсіпкерлер шығарып жатқан өнімдерінің кеңінен насихатталуына қашан да мұқтаж. Көрме арқылы өнімдерінің ешқандай делдалсыз-ақ тікелей тұтынушылардың қолына жетуіне жол ашылып отыр. Бұл тұтынушылар үшін де аса қажет. Сонымен қатар жалпы аймақтағы экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етпек, – деп атап өтті Аққу Айтжанова.

Жергілікті кәсіп иелері шара барысында ауыл шаруашылығы және колөнер саласындағы қол жеткізген табыстары жайлы айтып бүгінде өз өнімдерінің мемлекеттік қолдаудың арқасында нарыққа етене еніп, бәсекеге түсіп жатқанын жеткізді.

«Бір ауыл – бір өнім» – жаһандық тәжірибе, жергілікті нәтиже

Аталған жоба алғаш рет Жапония мемлекетінде қолға алынып, бүгінде JICA қолдауымен әлемнің 30-дан астам елінде табысты жүзеге асырылып келе жатқанын атап өткен жөн. Қазақстанда бұл бастама ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік белсен-

дік инфрақұрылым, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, логистика және цифрландыру – бәрі өзара тығыз байланысты. Маңғыстау облысында бұл бағыттарда да жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді.

Кәсіпкерлерге арналған индустриялық аймақтар, жол және коммуникация желілерінің жаңартылуы, мемлекеттік бағдарламалар арқылы қаржылық қолдау – мұның бәрі бизнестің дамуына тың серпін беріп отыр.

Бұл орайда ақпараттық қолдау да кәсіпкерліктің өріс алып, табыстың артуына жол ашқан. Мұны облыс әкімінің орынбасары Тілек Жеткізгенұлы да ашық атап өтті.

– Әсіресе, мемлекеттік тапсырыс аясында өңірлердегі осындай бастамаларды кеңінен насихаттау – аса маңызды. Себебі ақпарат – инвестиция тартудың, жаңа серіктестер табуың және халықтың кәсіпкерлікке деген қызығушылығын арттырудың негізгі құралы. «Бір ауыл – бір өнім» жобасы секілді бастамалар туралы сапалы әрі көркем тілде жазылған материалдар қоғамда оң пікір қалыптастырып, жаңа идеяларға жол ашады деп ойлаймын, – дейді Тілек Жеткізгенұлы.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

СОТ СӨЙЛЕСІН

СУДЬЯЛАРДЫҢ ӘДЕП НОРМАСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАЛАПҚА САЙ

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңының 29-бабына сәйкес судьяларға қойылатын талаптардың негізгі бөліктерінің бірі – жоғары моральдық-адамгершілік қасиеттер және мінсіз бедел.

Осыған байланысты бұдан бұрын қабылданған Судья әдеби кодексі жаңартылып, Қазақстан Судьялар одағының кезекті ІХ съезінде жаңа Судья әдеби кодексі қабылданған болатын.

Кодекстің реттеу нысаны судьялар қоғамдастығының қызметтік және қызметтен тыс іс-әрекеттерде әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында судьялар қоғамдастығы органдарын құру және олардың жұмыс істеу құқығын іске асыруына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу.

Аталған кодекстің 3-бабының 1) тармақшасына сәйкес судьяның беделі судьяның адалдығына, шыншылдығына, әділдігіне, бейтараптылығына, тәуелсіздігіне қоғамда қалыптасқан сенімділігіне байланысты қалыптасады.

Әдеп нормаларын судьялар қоғамдастығы қызметтік және қызметтен тыс іс-әрекеттерде сақтау үшін ерікті түрде қабылдаған қоғамда жалпыға танылған құндылықтар мен мінез-құлық қағидаларының жүйесі деп тануымыз қажет.

Судья әдеби кодексінің 4-бабына сәйкес судья қызметтік міндеттерін атқару кезінде әріптестер, қызметкерлер мен сотқа келушілер арасында заңдар мен әдеп нормаларын сақтауға, кеңесшілік пен қағазбастылыққа жол бермеуге, сол арқылы қоғамның сот билігіне деген сенімін нығайтуға ықпал етуге міндетті. Ал сот төрелігін іске асыру барысында судья заң үстемдігін, әділдік пен сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

Сот талқылауы барысында судья – этикетті, сыртқы келбетін, сот отырысын тиісінше жүргізу мәдениетін сақтауға, сондай-ақ тәртіпті сақтауға, процесстің барлық қатысушыларына және сот қызметкерлеріне құрмет білдіруге тиіс. Бұл ретте процеске қатысушылардан, сот қызметкерлерінен және басқа да қатысып отырған адамдардан сондай мінез-құлықты талап етеді.

Судьяның сот төрелігін іске асыру кезінде өзінің бейтараптылығына, адалдығына және әділдігіне күмән келтіруі мүмкін әрекеттерді жүзеге асыруына жол берілмейді.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, кез келген істі соттың заңды, тәуелсіз, құзыретті және бейтарап құрамы ғана қарай алады, яғни нақты істердің соттылығын айқындау, нақты істерді қарау үшін соттың құрамын жасақтау, судьяларға қарсылық білдіру, істі шешу функциясын айыптау және қорғау функцияларынан бөлектеу қағидаларын сақтау арқылы қамтамасыз етіледі.

Ал егер, заңнамада көзделген негіздер бойынша істі заңды, объективті қарауға кедергі туындайтын болса, онда ол судья істі қарауға негіздер жоқ екендігін білдіреді.

Қаралып отырған мәселе тек біздің елде ғана емес, олар халықаралық деңгейде қабылданған күнделікті жұмыста пайдаланылатын қағидалар қатарына жатқызылған нормалар.

Сондай-ақ Судья әдеби кодексіне енгізілген нормалар халықаралық тәжірибеге сәйкес келетіндігіне көз жеткізу-



ге болады, себебі кодексте Бангалор қағидағары енгізілген. Сол себепті құқықтық мемлекетте сот жүйесіне сенім деңгейі маңызды рөл атқарады, осы ретте ол судьяға, оның жеке басына және шығаратын сот актілеріне деген сенімді білдіреді.

Судья өзінің мәртебесіне сәйкес жоғары кәсіби шеберлік көрсетуге, қажетті іскерлік пен жоғары моральдық-этикалық қасиеттерге ие болуға міндетті.

Бангалор қағидағары бұл халықаралық деңгейде мойындалған этика стандарты, ол алты негізгі қағидағары қамтиды: тәуелсіздік, объективтілік (бейтараптық), адалдық, этикалық мінез-құлық, теңдік және құзыреттілік. Олар халықтың сот жүйесіне деген сенімін нығайтуға бағытталған және судьялар өз міндеттерін орындау кезінде міндетті.

Тәуелсіздік: судья істі әділ шешудің кепілі болып табылатын сот билігінің жеке және институционалдық тәуелсіздігі принципін қолдайды.

Объективтілік: бейтараптық – судьяның алғы шарты. Судья артықшылықтардан, бейтараптықтан немесе теріс пікірден ада және басқалардың өз шешімдеріне ықпал етуіне жол бермейді.

Адалдық: судьяның мінез-құлқы мінсіз болуы, халықтың сот жүйесінің адалдығына деген сенімін сақтауы керек.

Этикалық мінез-құлық: судья сенімге кепілдік беретін жоғары мінез-құлық стандарттарын көрсетуі керек.

Теңдік: барлық тараптарға кемсітусіз тең қатынасты қамтамасыз ету.

Құзыреттілік пен еңбекқорлық: судья өзінің кәсіби міндеттерін адал орындайды, олардың жоғары сапасына қол жеткізуге ұмтылады.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заң судьяның заңдарды қатаң сақтауға, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ адалдық, әділдік және бейтараптық қағидағарына сәйкес әрекет етуге міндетті екенін белгілейді.

Судьяның мінез-құлқы қоғамға не рұқсат етілгенін, не рұқсат етілмегенін, құқық пен озбырлықтың арасындағы шекараны қай жерде ұстайтынын көрсетеді. Ал егер судья, не мемлекеттік қызметші әдеп нормаларын бұзатын іс-әрекеттерді жасайтын болса, онда мемлекеттік органға деген сенім төмендейді, әділдікке күмән пайда болады, құқықтық негизізілген пайда болады, азаматтардың құқықтық мәдениеті әлсірейді.

Д.БЕЙСОВ,
Ақмола облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ҚҰНДЫЛЫҚ

Отбасы – қоғамның маңызды бір бөлігі, ұлттың бүгіні мен ертеңі. Онда адамның тұлғалық қасиеттері қалыптасып, алғашқы тәрбие беріледі. Алайда кейбір жағдайларда отбасы ішінде түсініспеушілік, агрессия және зорлық-зомбылық көріністері орын алады. Бұл – қоғам үшін өзекті әлеуметтік мәселелердің бірі.

ОТБАСЫ - ҰЛТ ДӘНЕГІ, ҚОҒАМ ТІРЕГІ

Тұрмыстық зорлық-зомбылық бұл отбасы мүшелерінің бір-біріне физикалық, психологиялық, экономикалық немесе жыныстық қысым көрсетуі. Мұндай әрекеттер адамның денсаулығына ғана емес, оның психологиялық жағдайына да кері әсерін тигізеді. Әсіресе, балалар үшін мұндай ортада өсу қауіпті, себебі оларда қорқыныш, сенімсіздік, агрессия сияқты жағымсыз қасиеттер қалыптасуы мүмкін.

Қоғамда отбасы – тұрмыстық зорлық-зомбылық көбінесе әйелдер мен балаларға қатысты орын алуда. Сол себепті де бұл мәселе мемлекет назарында, оның алдын алу бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Зорлық-зомбылық үшін жазаны күшейту, әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы нақты тапсырмалар беріп, қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидатын қалыптастыру қажеттігін атап өтті. Бұл мәселені шешуде тек заң ғана емес, қоғамдық сана да маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Осы бағытта соңғы жылдары заңнамаға бірқатар маңызды өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда 2025 жылғы 31 желтоқсанда «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заң қабылданып, 2026 жылғы 2 наурыздан бастап ол күшіне енген. Бұл заңның негізгі мақсаты құқықбұзушылық профилактикасы

саласында адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүддесін қорғауды және сақтауды қамтамасыз ету, құқықбұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, жою арқылы құқықтық тәртіпті сақтау және нығайту. Аталған заңда тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының ерекшеліктері де қамтылған.

Сонымен қатар заңнамада тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жазалар күшейтілді. Бұрын әкімшілік құқық бұзушылық ретінде қаралған кейбір әрекеттер енді қылмыстық құқық бұзушылық ретінде танылды. Бұл өзгерістердің басты мақсаты да зорлық-зомбылықтың алдын алу және кінәлі адамдардың жауапкершілігін арттыру. Бұл да мемлекет тарапынан жасалып жатқан нақты

әрі тиімді қадамдардың бірі. Отбасы – ұлт дәнегі, қоғам тірегі. Бұрынғы ойшылдар бұл тірек берік болса, ұлт та, сол ұлтты ұйыстырып отырған мемлекеттің іргетасы да бекем болатынын айтып кеткен. Отбасы қалай бой түзесе, қоғам да соның ырықнда болады.

Демек отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу тек мемлекеттің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Ең алдымен қоғамда құқықтық мәдениетті арттыру маңызды. Әр адам өзінің құқықтары мен міндеттерін білуі тиіс, адамгершілік пен сыйластық құндылықтарын дәріптеуі қажет, зорлық-зомбылыққа төзбеушілік танытып, адамгершілік құндылықтарды жоғары қоюы керек. Сонда ғана мемлекеттің іргетасы бекем, қауіпсіз әрі әділетті қоғам орын алады.

А. ӘУБӘКІР,
Зайсан аудандық сотының судьясы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ



ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы Қылмыстық кодекстің 6-тарауында көзделген.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға жаза тағайындалуы не оларға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

ҚК-нің 81-бабына сәйкес, кәмелетке толмағандарға:

- 1) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- 2) айыппұл;
- 3) түзеу жұмыстары;
- 4) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 5) бас бостандығын шектеу;
- 6) бас бостандығынан айыру жазалары тағайындалады.

Кәмелетке толмағандарға белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады. Айыппұл кәмелетке толмаған сотталған адамның дербес табысы немесе өндіріп алуға жарайтын мүлкі болған жағдайда ғана тағайындалады. Айыппұл айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) бестен жүзге дейінгі мөлшерінде тағайындалады.

Түзеу жұмыстары дербес табысы немесе өзге тұрақты кірісі бар кәмелетке толмағандарға айлық есептік көрсеткіштің бестен жүзге дейінгі АЕК мөлшерінде тағайындалады.

Қоғамдық жұмыстарға тарту он сағаттан жетпіс бес сағатқа дейінгі мерзімге тағайындалады, ол кәмелетке толмаған адамның қолынан келетін жұмыстарды орындауы және ол оны оқудан немесе негізгі жұмысынан бос уақытында орындайды. Он алты жасқа дейінгі адамдардың

бұл жаза түрін орындау ұзақтығы – күніне екі сағаттан, ал он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі адамдар үшін күніне үш сағаттан аспауы керек.

Кәмелетке толмағандарға бас бостандығын шектеу – екі жылға дейінгі мерзімге, ал бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның өтелмеген бөлігін бас бостандығын шектеуге ауыстыру жағдайында жазаның қалған өтелмеген бөлігінің бүкіл мерзіміне тағайындалады.

Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру – он жылдан аспайтын, ал ауырлатын мән-жайлар кезінде адам өлтіргені немесе терроризм актісі үшін не қылмыстық құқық бұзушылықтардың біреуі ауырлатын мән-жайлар кезінде адам өлтіру немесе терроризм болып табылатын олардың жиынтығы бойынша он екі жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін. Онша ауыр емес қылмыс немесе қаза ұшыратумен байланысты емес ауырлығы орташа қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру тағайындалмайды. Кәмелетке толмаған сотталғандар бас бостандығынан айыруды кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтейді.

ҚК-нің 82-бабына сәйкес, кәмелетке толмаған адамға жаза тағайындалу кезінде, осы кодекстің 52-бабында көзделген мән-жайлардан басқа, оның өмірі мен тәр-

биесінің жағдайлары, психикалық даму деңгейі, жеке басының өзге де ерекшеліктері, сондай-ақ оған жасы жағынан үлкен адамдардың ықпалы ескеріледі. Кәмелетке толмаған жас жеңілдететін мән-жай ретінде басқа да жеңілдететін және ауырлатын мән-жайлармен жиынтықта ескеріледі.

Ал, ҚК-нің 83-бабына сәйкес, қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес қылмыс жасаған не ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды, егер оны қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ түзеуге болады деп белгіленсе, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Кәмелетке толмаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылған кезде оған тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін бірінші рет сотталған кәмелетке толмаған адамды, егер оны түзеуге тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы қол жеткізуге болады деп танылса, сот жазадан босатуы мүмкін. Қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды ҚК-нің 68-бабының 2-бөлігінде көзделген жағдайларда, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Ж.СЕЙТЖАПАРОВ,
Ақтөбе облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұндай жағдайдың бірнеше себебі бар. Біріншіден, жоғары оқу орындары арасында білім беру стандарттарының айырмашылығы байқалады. Кейбір оқу орындары теорияға басымдық беріп, студенттердің нақты құқықтық жағдайларды талдау, құжат дайындау, сот процесіне қатысу сияқты тәжірибелік дағдыларын жеткілікті дамытпайды. Соның салдарынан түлектер жұмысқа орналасу кезінде қиындықтарға тап болады.

Екіншіден, еңбек нарығының өзі күнде өзгеріп жатыр. Қазіргі жұмыс берушілер тек заңдарды білетін маманды емес, сонымен қатар аналитикалық ойлау қабілеті жоғары, цифрлық құралдарды меңгерген, коммуникациясы дамыған заңгерлерді талап етеді. Бұл талаптарға барлық түлек бірдей жауап бере бермейді.

Сапа мәселесіне қатысты сынды толық жоққа шығару дұрыс емес. Негізгі мәселе – білім беру жүйесінің жаңа-

Заңгерлік білім беру бағдарламалары жалпы алғанда нарық талабына икемделіп келеді және жаңарту үдерісі жүйелі түрде жүргізіледі. Алайда, оның тиімділігі нақты оқу орнының ішкі саясатына, серіктестік байланыстарына және жаңашылдыққа ашықтығына тікелей байланысты.

– **Практика тек формалдылық болып қалмауы үшін қандай механизмдер бар?**

– Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде ең көп талқыланатын мәселелердің бірі – студенттік практиканың сапасы. Теориялық білім мен еңбек нарығы арасындағы практика сабағы кей жағдайда тек ресми құжат рәсімдеумен шектеліп, өз мақсатын толық атқара алмай жатады. Сондықтан бүгінгі таңда практиканы шынайы кәсіби тәжірибеге айналдырудың балама, тиімді механизмдері ерекше маңызға ие.

Ең алдымен, симуляциялық оқыту тәсілін атап өткен жөн. Университет ішінде сот процесін модельдеу, келіссөз жүргізу немесе құқықтық дауды



Айжан МОЛДАҒАЛИЕВА, Д.Қонаев атындағы университетте «Құқық» даярлау бағытының аға оқытушысы, заңгер:

«ТАБЫСТЫ БОЛУДЫҢ КІЛТІ – ҮЗДІКСІЗ ДАМУ МЕН САПАЛЫ БІЛІМ»

рып, еңбек нарығының талаптарына бейімделуінде. Ал білім алушының өзі де пассивті болмауы тиіс: қосымша тәжірибе жинап, жаңа бағыттарды меңгеріп, өзін үнемі дамытуға қажет. Сапаға қатысты сын – белгілі бір дәрежеде орынды, бірақ ол өзгерістерге түрткі болатын фактор ретінде қарастырылуы тиіс.

Оқу бағдарламасының икемділігі – бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын негізгі фактор

– **Академиядағы оқу бағдарламасы нарық талабына қаншалықты икемделіп отырады? Оны жаңарту қиыншылықты жиі жүреді?**

– Қазіргі еңбек нарығы өте жылдам өзгеріп жатқандықтан, жоғары білім беру жүйесі де осы қарқынға бейімделуге мәжбүр. Заңгерлік білім беру саласында оқу бағдарламасының икемділігі – түлектің бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын негізгі факторлардың бірі.

Жалпы алғанда, академиялық бағдарламалар бұрынғыдай бірнеше жыл бойы өзгеріссіз қалмайды. Қазіргі тәжірибеде оқу жоспарлары тұрақты түрде қайта қаралып отырады. Әдетте, жыл сайын ішінара жаңарту енгізілсе, 3-5 жыл сайын кешенді ревизия жасалады. Бұл үдерісте еңбек нарығының талаптары, жұмыс берушілердің пікірлері, заңнамадағы өзгерістер және халықаралық тәжірибе ескеріледі.

Өзім қызмет атқарып отырған Дінмұхамед Қонаев атындағы университет оқу бағдарламаларын жаңарту барысында практик-мамандарды, жұмыс берушілерді және түлектерді тарту тәжірибесін қолданады. Соның нәтижесінде пәндер мазмұны тек теориямен шектелмей, нақты кейстермен, сот тәжірибесімен, заманауи құқық салаларымен толықтырылады. Соңғы жылдары оқу бағдарламаларына IT-құқық, цифрлық қауіпсіздік, медиаация, комплаенс сияқты жаңа бағыттардың енгізілуі – осының айқын дәлелі.

Сонымен қатар, икемділік тек пәндер тізімін өзгерту ғана емес. Ол оқыту әдістеріне де қатысты. Қазіргі кезде moot court (сот процесін модельдеу), кейс-стади, дуальды оқыту элементтері кеңінен қолданылып жүр. Бұл тәсілдер студенттердің теориялық білімін нақты тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік береді.

шешу сияқты жағдайларды қайталау студентке нақты еңбек ортасын сезінуге мүмкіндік береді. Мұндай формат студентті қауіпсіз ортада тәжірибе жинауға, қателіктен үйренуге және кәсіби ойлау қабілетін дамытуға жетелейді.

Екінші маңызды бағыт – кейс-портфолио жүйесі. Бұл әдісте білім алушы практика кезінде атқарған жұмысын жай есеп ретінде емес, нақты кәсіби портфолио ретінде жинақтайды. Құжаттар дайындау, құқықтық талдаулар мен қорытындылар осы портфолионың негізін құрайды. Сонында студент өз еңбегін комиссия алдында қорғап, нақты нәтижесімен бағаланады.

Үшінші балама тәсіл – жобалық практика. Мұнда білім алушыға нақты бір міндет жүктеледі: мысалы, ұйым үшін ішкі нормативтік құжаттар әзірлеу, келісімшарт үлгілерін дайындау немесе құқықтық аудит жүргізу. Бұл әдіс студентті тек бақылаушы емес, нақты орындаушы ретінде қалыптастырады.

Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың дамуы практика жүйесін де өзгертуде. Онлайн платформалар арқылы білім алушының жұмысы, тапсырмалары және жетекшінің кері байланысы ашық түрде тіркеліп отырады. Бұл тәжірибе процесін барынша айқын әрі бақылауға болатын деңгейге шығарады.

Тағы бір маңызды тетік – сыртқы бағалау жүйесі. Практика нәтижесін тек университет қана емес, жұмыс берушілер немесе тәуелсіз сарапшылар бағалаған жағдайда субъективтілік азайып, шынайы кәсіби деңгей анық көрінеді.

Практиканың формалдылыққа айналмауы үшін бір ғана шешім жеткіліксіз. Ең тиімді жол – дәстүрлі практиканы симуляциялық оқыту, жобалық жұмыс және цифрлық бақылау жүйелерімен ұштастыру. Сонда ғана студент еңбек нарығына дайын, бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасады.

– **Соттар, адвокатура және құқық қорғау органдарымен нақты серіктестік қалай жұмыс істейді?**

– Заңгер мамандарын даярлауда университет пен құқықтық практика арасындағы байланыс шешуші рөл атқарады. Себебі теориялық білім қаншалықты мықты болғанымен, нақты сот жүйесі, адвокатура немесе құқық қорғау органдарының жұмысын көрмей кәсіби дағды толық қалыптаспайды. Сондықтан қазіргі жоғары оқу орындары бұл

Өзім қызмет атқарып отырған Дінмұхамед Қонаев атындағы университет оқу бағдарламаларын жаңарту барысында практик-мамандарды, жұмыс берушілерді және түлектерді тарту тәжірибесін қолданады. Соның нәтижесінде пәндер мазмұны тек теориямен шектелмей, нақты кейстермен, сот тәжірибесімен, заманауи құқық салаларымен толықтырылады. Соңғы жылдары оқу бағдарламаларына IT-құқық, цифрлық қауіпсіздік, медиаация, комплаенс сияқты жаңа бағыттардың енгізілуі – осының айқын дәлелі.

құрылымдармен жүйелі серіктестік орнатуға ұмтылуда.

Университеттер сот органдарымен немесе адвокатура өкілдерімен меморандумға отырып, студенттерді жүйелі түрде тәжірибеге жібу тәртібін бекітеді. Бұл серіктестік кездейсоқ емес, жоспарлы түрде жүргізіледі. Яғни, практика орындары алдын ала белгіленіп, студенттің қандай дағдыларды меңгеретіні нақты анықталады.

Кейбір оқу орындары бірлескен клиникалық жобалар жүргізеді. Мұнда студенттер нақты азаматтардың құқықтық мәселелерін тәжірибелі заңгерлердің бақылауымен шешуге қатысады. Бұл модель «үйрену арқылы қызмет көрсету» қағидасына негізделген. Дегенмен, бұл жүйенің тиімділігі әрдайым бірдей емес. Кейбір мекемелерде студенттерге тек формалды тапсырмалар берілуі мүмкін, ал кейбірінде керісінше, толыққанды жұмысқа тарту тәжірибесі бар. Сондықтан серіктестіктің сапасы нақты ұйымның ашықтығына, тәлімгерлердің жауапкершілігіне және университеттің бақылауына тікелей байланысты.

Құқық қорғау органдарымен серіктестік орнату – заңгер дайындаудың ең маңызды элементтерінің бірі. Оның тиімділігі жүйелілікке, нақты міндеттерге және екіжақты жауапкершілікке негізделген жағдайда ғана жоғары деңгейге жетеді.

Қазіргі еңбек нарығының талабы жоғары

– **Қазіргі түлектердің дайындық деңгейін 10 балдық шкалада бағаласаңыз, қанша балл берер едіңіз?**

– Бұл сұраққа біржақты жауап беру болмайды, себебі, қазіргі түлектердің дайындық деңгейі университетке, жеке студенттің белсенділігіне және тәжіри-

бе мүмкіндіктерін қаншалықты пайдаланғанына байланысты өзгереді. Дегенмен, жалпы еңбек нарығындағы орташа көріністі бағалайтын болсақ, 10 балдық шкала бойынша шамамен 6-7 балл деп сипаттауға болады.

Бүгінгі түлектердің күшті жағы ретінде теориялық білімнің салыстырмалы түрде жүйеленгенін айтуға болады. Көпшілік студент құқық негіздерін, заңнаманың құрылымын, негізгі салалық бағыттарды меңгереді. Сонымен

электронды сот жүйелері, деректер базалары, онлайн өтініш беру платформалары кеңейіп жатыр. Осы құралдарды еркін қолдана алмау да әлсіздік ретінде көрінеді.

Дербестік, цифрлық сауаттылық және кешенді ойлау

– **Жас заңгерлердің бәсекеге қабілетті болуы үшін ең маңызды 3 дағды қандай?**

– Бүгінгі жас заңгердің бәсекеге қабілеттілігі үш негізгі тірекке сүйенеді: дербестік, цифрлық сауаттылық және кешенді ойлау. Осы үш бағытты меңгерген маман ғана қазіргі күрделі құқықтық нарықта өз орнын таба алады.

Ең алдымен, дербес шешім қабылдау және жауапкершілік – заманауи заңгер үшін негізгі дағдылардың бірі. Қазіргі жұмыс берушілер тек тапсырманы орындайтын маманды емес, істің мәнін өзі талдап, құқықтық стратегия ұсына алатын маманды бағалайды. Бұл қабілет жас заңгердің кәсіби сенімділігін қалыптастырады және күрделі істерде шешуші рөл атқарады.

Екінші маңызды бағыт – цифрлық құқықтық сауаттылық. Құқық саласының цифрлануы заңгердің күнделікті жұмысын түбегейлі өзгертті. Электронды сот жүйелері, құқықтық дерекқорлар, онлайн өтініш беру платформалары – бұлардың барлығы қазіргі тәжірибеде міндетті құралға айналған. Сондықтан цифрлық ортада еркін жұмыс істей білу – бәсекелік артықшылық қана емес, қажеттілік.

Үшінші бағыт – кешенді және пәнаралық ойлау қабілеті. Қазіргі құқықтық мәселелер көбінесе саланы қатар қамтиды: азаматтық, салық, еңбек немесе цифрлық құқық бір істің ішінде тоғысуы мүмкін. Осыған байланысты жас заңгер әртүрлі құқық салаларын байланыстырып, тұтас жүйе ретінде түсіне білуі қажет.

– **Болашақта заңгер мамандығын қандай үлкен өзгерістер күтін тұр деп ойлайсыз (AI, цифрландыру, т.б.)?**

– Жасанды интеллекттің дамуы, цифрландыру үдерісінің тереңдеуі және құқықтық қызметтердің автоматтандырылуы заңгер мамандығының мазмұнын түбегейлі өзгертіп жатыр. Бұл өзгерістер мамандықтың жойылуын емес, керісінше оның жаңа деңгейге көтерілуін білдіреді.

Ең алдымен, жасанды интеллект (AI) заңгердің күнделікті жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді. Құжаттарды талдау, типтік шарттарды дайындау, сот практикасын іздеу сияқты қайталанатын міндеттер автоматтандырылуда. Бұл заңгерге «техникалық жұмыс» емес, күрделі құқықтық стратегия құруға көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді. Техника, AI заңгерді ешқашан алмастыра алмайды.

Екінші үлкен өзгеріс – цифрлық сот төрелігі мен электронды құқықтық жүйелердің кеңеюі. Көп елдерде сот процесінің онлайн форматқа көшіп, құжат айналымы толық цифрлануда. Бұл құқықтық қызметтің ашықтығын арттырып, процестерді жеделдетеді. Болашақ заңгер үшін цифрлық платформалармен жұмыс істеу – міндетті дағдыға айналады.

Үшінші бағыт – құқықтың жаңа салаларының пайда болуы. Цифрлық экономикамен бірге деректер құқығы, киберқауіпсіздік, жасанды интеллектті реттеу, финтех және цифрлық активтер құқығы сияқты жаңа бағыттар қарқынды дамып келеді. Бұл заңгерлерге жаңа мамандану мүмкіндіктерін ашады.

Болашақ заңгер – тек заң білетін маман емес, ол технологияны түсінетін, AI құралдарын тиімді қолданатын және жаңа құқықтық салаларда жұмыс істей алатын гибрид маман болады. Яғни мамандық жойылмайды, керісінше әлдеқайда күрделі әрі интеллектуалды деңгейге көтеріледі.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТАҒЫ ҚЫЛМЫС ДЕҢГЕЙІ ТӨМЕН

Батыс Қазақстан облысында 2026 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша қылмыс деңгейінің төмендеуі тіркелді. Бұл туралы өңірлік Полиция департаментінде өткен кеңейтіл-

ген кеңесте мәлім болды. Кеңес барысында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылықтарға қарсы күрес бағытындағы жұмыстардың нәтижелері қаралды.

Департамент бастығы Арман Оразалиевтің айтуынша, өңірдегі криминалдық ахуал тұрақты бақылауда. «Қабылданған жүйелі шаралардың нәтижесінде қылмыс санаттары бойынша төмендеу байқалады», – деді ол. Есепті кезеңде ауыр және аса ауыр қылмыстар 19%-ға төмендеген. Оның ішінде аса ауыр қылмыстар – 37,5%-ға, ауыр қылмыстар – 18,5%-ға азайған.

Сондай-ақ, орташа және оңша ауыр емес қылмыстар да қысқарған. Қылмыстың жекелеген бағыттары бойынша да оң динамика тіркелді: мас күйінде жасалған қылмыстар – 32,7%-ға, бұрын сотталғандармен жасалған қылмыстар – 36,5%-ға, қоғамдық орындарда – 19,2%-ға, кө-

шеде – 21,6%-ға азайған. Жол-көлік оқиғалары бойынша да оң көрсеткіш байқалады: қаза тапқандар – 30,8%-ға, жарақат алғандар – 9,7%-ға, ЖКО саны – 8,8%-ға төмендеген. Есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл нәтижесінде 48 құқық бұзушылық анықталып, оның 20-сы есірткі сату фактісі бойынша тіркелді.

Кеңес қорытындысында интернет-алаяқтықтың алдын алу, есірткіге қарсы күрес және құқық бұзушылық профилактикасын күшейту бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Батыс Қазақстан облысы Полиция департаментінің баспасөз қызметі

КЕЛБЕТ

ҰСТАЗЫҢДЫ АТАҢНАН ДА ӘЗІЗ ТҰТ

Был профессор, заң ғылымының докторы Серікқали Тыныбеков 65 жасқа келіп отыр. Ғалым-құқықтанушы, жоғары оқу орнының оқытушысы, сондай-ақ биік адами қасиеттерді бойына сіңірген парасатты адаммен таныстығымыз 1988 жылғы тамызда ҚазМУ-дың заң факультетіне студент ретінде қабылданып, Костанай облысына ауылшаруашылық жұмысына жүріп бара жатқан кезде басталды. Заң факультетін сол жылы бітіріп, оқытушы ретінде білім ордасына қалдырылған С.Тыныбеков біздің тәртібіміз бен тұрмыс жағдайымыздың қолайлылығына және бүкіл ауылшаруашылығы жұмысының талапқа сай өтуіне жауап беретін факультеттің жалғыз өкілі болды.

Бірден айтайын, ол бұл міндетті абыроймен атқарды. Ал 60-тан астам студенттен тұратын біздің топ жәй топ емес еді. Онда Қазақстанның түрлі өңірінен келген жастар тұрмыс жағдайымен, өзіндік болмысымен ерекшеленетін. Біздің арамызда Ауғанстандағы ұрыс даласынан жаңа ғана келгендер, әскер қатарында борышын өтегендер, шынайы еңбектің бел ортасында болғандар, университетке мектептен кейін бірден түскен ұл мен қыздар да болды. Оның ішінде мен де бармын. Серікқали Тыныбекулы мүмкіндігінше барлығымен тіл табыса білді.

Ата-анасынан алыстағанда кейбір балалардың қарапайым талаптарды сақтағысы келмей, қикарлыққа салынуы қалыпты жағдай. Бірақ біздің ұстазымыз мұндай олқылыққа жол бермей, өзінің қарауындағы әрбір студенттің қадір-қасиетін сақтай отырып қандай күрделі сәтте де қызбалық және қисынсыз қадамдарға бармай, тамаша шешім қабылдайтын. Оның осындай адами іс-әрекеттері көпшілік тарапынан түсіністік тауып, оған деген құрметімізді арттырды.

Біз өз факультетімізбен бірге жеке корпуста тұрдық. Ал ағаш дәретхана одан 200-300 метр қашықтықта орналасқан болатын. Жанымыздағы топта қыз балаға қатысты орын алған

қайғылы оқиғадан кейін Тыныбеков шұғыл шешім қабылдап, күнде кешке корпустың есігін сағат 23:00-де жауып, таңертең өзі ашатын болды. Осылайша Алматыға қайтатын кезге дейін ұстазымыз сырт киіммен ұйықтап, түн ортасында сыртқа шыққандарға өзі есікті ашып, қауіпсіздігіне көз жеткізіп, балалар қайтып оралғанша тапжылмай күтіп тұруды әдетке айналдырды. Жетекшімізді оятып алмайын деп есікті жайлап ашуға тырысқаныммен, сақ жататын Тыныбеков басын жұлып алып «Фархад, бұл сенбісің? Тез барып кел, мен сені күтіп тұрамын. Сақ бол!» деп мен сырттан оралғанша есіктің көзінде тұратын. Бұл да болса жетекшіміздің шәкірттерге деген жанашырлығының, өз ісіне үлкен жауаптылықпен қарайтынының белгісі болса керек.

Кейінірек бізге сабақ берді, факультет деканының орынбасары ретінде курсымызға жауапты болды. Оқу барысында ол студенттердің ұсыныс-тілегін үнемі тыңдап, олардың проблемаларының мәнін түсінуге және мәселелерін тезірек шешуге тырысатын. Ең бастысы, жанында жүрген әріптестерін ғана емес, әрбір студенттің пікірін сыйлады, қабілет-қарымын шыңдауға үлес қосты.

Әр студенттің ізденуіне, білімін тереңдетуге тырысқан

ұстазымыз кез келген дәрісті ерекше өткізуге, шәкірттерінің қызығушылығын арттыруға тырысатын. Негізгі миссиясы – жастарды терең теорияға негізделген, байыпты практикаға бағытталған білім нәрімен сусындату. Әрқашан сабаққа

1990 жылдардың ортасынан бері біз Секеңмен бірге аңыз-збірлігі мығым еңбек ұжымында қатар еңбек еттік. Сол уақыттардан бері жиі араластық, дос болдық. Мен ұстазымыздың өмір жолының оңай болмағанын білемін. Оның қиындығы қалай еңсергеніне, қандай қағидаттарға сүйенгеніне күр болдым. Ол өмірдің сынағына мойынған жоқ, асқақ рухымен қиындықтың бәрін жеңе білді. Осыдан түйгенім Серікқали Тыныбеков мықты ғалым, адал дос, жанашыр әріптес, қолдаушы аға.

тынғылықты дайындалып, дәріс және семинар материалдарын үнемі жаңартып отыратын. Бұған 1990 жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың басында С.Тыныбеков жазған көптеген монография, оқулықтарды және оқу құралдарын зерделеген кезде анық көз жеткіздім. Осы ізденісі бүгін де үзілген жоқ. ҚазҰУ-дың заң факультетінде профессор ретінде шәкірт тәрбиелеп отырған Тыныбековтың бүгінгі дәрістері де замана талабына сай, жаңа үрдістер жанжақты ескерілген.

С.Тыныбеков Азаматтық құқық кафедрасын да сындарлы басқарды. Оның жанында



Кафедра меңгерушісі қызметін атқарған кезінде С.Тыныбеков оқытушылар мен әдіскерлердің бірегей командасын құрып, қызметкерлер үшін жайлы жұмыс ортасын жасай алды. Осы жылдары кафедраның рейтингі барлық университет кафедралары арасында айтарлықтай өсті, оқыту, зерттеу, қоғаммен байланыс және басқа да салалардағы көрсеткіштер бойынша үнемі жоғары орында тұрды. Кафедра меңгерушісі қызметін абыроймен атқарып, ізінен ергендерге әдемі үлгі бола білген Секең қазір профессор ретінде шәкірттерге сабақ беруде.

11 жыл бойы қызмет еткенде еңбекқорлығы мен адами қасиетінің биіктігіне тәнті болдым. Әріптес дос осындай ізгі қасиеттерінің арқасында оқытушы көмекшісінен профессор және кафедра меңгерушісі лауазымдарына дейін көтерілді. Көпшіліктің құрметіне бөленген Секең заң факультетінің Азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі болып бірнеше рет сайланды. Жаңа кафедра Серікқалидан жаңа пәндерді оқытуды, меңгеруді талап етті, ал оның жеке адамгершілік қасиеттері мен дағдылары табысқа жетуге мүмкіндік берді.

БАҒДАР

Білікті маман дайындау – білім ордаларының басты мақсаты. Бірақ, ұстаздар тек білімге ғана басымдық беріп қоймай, шәкірттердің тәрбиесіне де көңіл аударғаны жөн. Өйткені, әл-Фараби айтқандай «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Міне, сондықтан да Қазақ Ұлттық университетінде студенттерді өзі меңгерген кәсібіне қажетті білім-ғылыммен сусындатып қоймай, тәрбиелі, отансүйіш, патриот етіп қалыптастыруға күш салған абзал.

ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕНІҢ ҮЙЛЕСУІ МАҢЫЗДЫ

Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму мақсаттарында да осы мәселеге ерекше ден қойылған. Мұндағы 16-мақсат бейбітшілік пен әділдікті қамтамасыз етуге, тиімді институттарды қалыптастыруға және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Осының ішінде әділдік пен азаматтар құқығының сауатты қорғалуы заңгерлер сауатына, белсенділігіне байланысты екені ешқандай талас тудырмайды. Ал ҚазҰУ-да білім алған заңгер мамандар қоғамға араласып, өз кәсібіне сай қызмет еткенде ең алдымен әділдікті нығайтып,

азаматтар құқығын қорғауға атсалысады. Қоғам әділ болуы, халық әділетке сенуі үшін заңгерлер әділетті болуы тиіс.

Осыған орай ҚазҰУ оқытушылары заң, құқық саласының білікті мамандарын дайындағанда шкірттердің бойына заңдық сауаттылық, кәсіпке адалдық, қоғамға жанашырлық, халыққа қамқорлық қасиеттерін сіңіруге тырысады. Әділдікті ту еткен, мемлекеттің мүддесін өз мүддесінен биік қойған тұлғалар ғана қоғамды жақсы жаққа өзгерте алады.

Университеттегі ғылыми-зерттеу жұ-

мыстары да тұрақты даму мақсаттарының 16-бағытымен тығыз байланысты. Ғалымдар құқықтық мемлекет құру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, азаматтардың құқықтарын қорғау және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру мәселелерін жан-жақты зерттеп келеді. Осындай зерттеулер қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған нақты ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді. Студенттердің тәжірибелік дайындығы бұл бағыттағы жұмыстың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Әсіресе заң саласында білім алып жатқан жастар үшін теория мен тәжірибенің үйлесуі аса маңызды. Университет жанындағы заң клиникалары арқылы студенттер азаматтарға тегін құқықтық көмек көрсетіп, нақты жағдайлармен жұмыс істеу тәжірибесін жинақтайды. Мұндай тәжірибе олардың кәсіби біліктілігін арттырып қана қоймай, әлеуметтік жауапкершілігін де күшейтеді.

Б.ҚОНЫСБАЙ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
PhD докторы

КИЕ

Мемлекеттік тіл – көз көлген тәуелсіз елдің ең басты тірегі. Ол тек қарым-қатынас құралы ғана емес, халықтың рухани байлығы, мәдениеті мен тарихының айнасы болып табылады.

Мемлекеттік тіл қоғамдағы бірлікті нығайтады. Бір тілде сөйлейтін халықтың арасында түсіністік пен ынтымақ болады. Тіл – адамдарды жақындастыратын, ортақ мақсатқа жетелейтін күш. Егер қоғам мүшелері мемлекеттік тілді еркін меңгерсе, онда ел ішіндегі байланыс күшейіп, әлеуметтік тұрақтылық артады. Сонымен қатар, мемлекеттік тіл білім мен ғылымның дамуына да ықпал етеді. Ана тілінде білім алған адам өз ойын еркін жеткізіп, терең ойланып, жаңа идеялар ұсына ала-



ды. Бұл өз кезегінде елдің интеллектуалдық әлеуетін арттырады. Қазіргі заманда қазақ тілінің ғылым, технология, бизнес

ТІЛ – ОРТАҚ МАҚСАТҚА ЖЕТЕЛЕТІН КҮШ

салаларында кеңінен қолданылуы – оның болашағының жарқын екенінің белгісі. Мемлекеттік тіл – ұлттық бірегейліктің негізі. Тілін жоғалтқан халық өзінің мәдениеті мен тарихынан алыстайды. Ал тілін сақтаған ел – өз болмысын сақтайды. Сондықтан қазақ тілін дамыту – тек тіл мамандарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әрбір отбасы, әрбір мектеп, әрбір ұйым мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге үлес қосуы тиіс.

Бауыржан БЕКЕНОВ,
Жамбыл облысы қылмыстық істер
жөніндегі
мамандандырылған аудараралық
соты әкімшісінің бас маманы

ОҢ ҚАДАМ

ОТАНДЫҚ ЖИ-дің ҚУАТЫ МЫҚТЫ

Желіден сапалы ақпарат іздеу кезінде Perplexity немесе ChatGPT секілді жаһандық алпауыттардың нарыққа келуі көпшілікті – бұл тек Кремний алқабындағы корпорациялардың ғана қолынан келетін іс деген ойға жетеледі. Алайда бұл шындыққа сай келмейді.

Ашық технологиялар мен отандық әзірлемелердің индустриядағы ойын ережелерін қалай өзгертіп жатқанына нақты мысалдар бар. Мәселен, Serge Group компаниясының Chief AI Officer-і қазақстандық әзірлеуші Константин Коломейцев жасап шығарған Agent Browser Workspace жобасын отандық технологиялық серпінді деуге болады. Бұл – ашық коды бар тегін құрал, ол тәуелсіз сынақтар қорытындысы бойынша тиімділігі жағынан әлемдік ақылы баламалармен еркін бәсекелесе алады, сонымен қатар жұмыс істеу ашықтығының мүлдем жаңа деңгейін ұсынады.

Танымал ЖИ-іздеу жүйелерінің басты кемшілігі – процестің жабықтығында. Онда пайдаланушы жүйенің нақты қай сайттарды ашқанын немесе нені ескеруіне қалдырғанын түсінбей, тек дайын жауап алады. Қазақстандық әзірлеме болса жасанды интеллектің компьютердегі нағыз зерттеушіге айналдырады. Бұл құрал Chrome браузерін қолдана отырып, интернет парақшаларын өзі ашып, оларды жарнама коқысынан тазартып, деректерді жүйелі түрде сақтайды.

Техникалық тұрғыдан алғанда, аталған шешім дереккөздердің дәлдігі мен шынайылығына қатысты сұранысты толық өтейді, ал бұл кәсіби қызмет үшін өте маңызды. Барлық үдеріс күпия деректерді бұлтты сервистерге жібермей-ақ, жергілікті компьютерде орындалады. Орнату жұмысы бірнеше минутты алады және жұмыс істеудің базалық дағдылары ғана қажет. Мұндай деңгейдегі жобаның Қазақстанда жасалып, қолдау табуы – технологиялардың децентрализациялану трендінің тағы да дәлелдей түседі. Енді бәсекеге қабілетті ЖИ-өнімді жасау үшін корпорациялардың орасан зор серверлік қуаттары қажет емес – маманның тәжірибесі мен пайдаланушының нақты мәселелерін терең түсінуі жеткілікті.

Бұл құрал GitHub платформасында толықтай қолжетімді (<https://github.com/k-kolomeitsev/agent-browser-workspace>). Ол – жай ғана дайын жауаптарды тұтынудан деректерді кәсіби деңгейде жинауға көшкісі келетіндер үшін таптырмас мүмкіндік. Жүйені нарыққа мониторинг жасау немесе аналитика жинау үшін іске қосып көруге болады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

кезде ғана оның қараған, зерттеген, жинаған материалдарының көптігіне, сараптап, саралау шеберлігіне, қорытындылау қабілетіне қарап жетекшісі шәкіртінің мықтылығын мойындаған екен.

1990 жылдардың ортасынан бері біз Секеңмен бірге ауыз-бірлігі мығым еңбек ұжымында қатар еңбек еттік. Сол уақыттардан бері жиі араластық, дос болдық. Мен ұстазымыздың өмір жолының оңай болмағанын білемін. Оның қиындықты қалай еңсергеніне, қандай қағидаттарға сүйенгеніне күр болдым. Ол өмірдің сынағына мойынған жоқ, асқақ рухымен қиындықтың бәрін жеңе білді. Осыдан түйгенім Серікқали Тыныбеков мықты ғалым, адал дос, жанашыр әріптес, қолдаушы аға. Онымен қатар жүріп мен адам деген ардақты атқа лайық болу, ата-бабамызды қадір тұту, есімдерін ұлықтау, ұлттық мақтаныш, ұрпақтар алдындағы парыз, ата-ана борышы, міндеттерді мүлтіксіз орындау, адамдарға деген достық пен құрмет, жеке қадір-қасиетін сақтау, моральдық немесе адамгершілік көзқарастан ауытқымау, жаманшылыққа төзбездің қыр-сырын түсіндім.

Серікқали Тыныбекулы мен үшін әрдайым зерделі тәлімгер, қазіргідей алмағайып заманда адами қасиеттерді сақтап қалудың тамаша үлгісі, кәсіби мамандығына адал болудың, ұстаздық мәртебесін биік сақтаудың, достық пен азаматтық парызды қастерлеудің айнымас үлгісі.

Ұстаз, әріптес, досымды алдағы мерейлі 65 жасымен құттықтаймын. Сіздің әлі заң ғылымына береріңіз көп. Аман болыңыз, тәрбиелі, білімді ұрпақ тәрбиелеу жолындағы еңбегіңіздің жемісін көріңіз.

Фархад ҚАРАҚҰСОВ,
Халықаралық
Салыстырмалы құқық
академиясының (IACL)
мүшесі,
заң ғылымының докторы,
профессор



Өңір

Жол қозғалысы ережелерін сақтау міндет

Абай облысында жол қауіпсіздігіне қатысты тексеру шаралары барысында полиция қызметкерлері мопед жүргізушілерінің қажетті құжаттарының толықтығына, көлік құралдарының техникалық жай-күйіне, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерінің қатаң сақталуына ерекше назар аударуда. Сонымен қатар, қауіпсіздік талаптарының орындалуы, оның ішінде қорғаныс шлемдерін пайдалану, түнгі уақытта жарық беру құралдарының дұрыс жұмыс істеуі және жалпы жүргізушінің жауапкершілік деңгейі басты бақылауда.



Мопедтер – қала ішінде кеңінен қолданылатын көлік түрлерінің бірі болғандықтан, олардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу ерекше маңызға ие. Сол себепті құқық қорғау органдары бұл бағыттағы жұмысты тұрақты бақылауда ұстап, заманауи тәсілдер мен тиімді профилактикалық әдістерді енгізуді жалғастыруда. Абай облысының полициясы азаматтарды жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауға, өз өмірі мен өзгенің қауіпсіздігіне бей-жай қарамауға шақырады. Заң талаптарын орындау – қауіпсіз қоғам қалыптастырудың берік негізі екені сөзсіз.

А.МӘУЛЕНБАЙ
АБАЙ ОБЛЫСЫ

Ардагерлер бас қосты

Оралда «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы ІХ есеп беру-сайлау конференциясын өткізді.

Оған облыс әкімінің уақытша міндетін атқарушы Тілепберген Каюпов, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Мұқаев қатысты. Жиында

құкіметтік емес ұйымның 2021–2025 жылдар аралығында атқарған жұмыстарының есептік баяндамасы тыңдалды.

Бүгінгі таңда облыста 94 444 зейнеткер, 53 877 ардагер бар. Оның ішінде 379 бастауыш ұйым, 6 соғыс ардагері, 2 096 тыл ардагері және 1 Халық қаһарманы тіркелген.

Конференцияда облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мақсат Берген атқарылған жұмыстар туралы баяндап, алдағы жоспарды таныстырды.

Тілепберген Каюпов аға буынның бай тәжірибесі мен ақыл-кеңесі қоғам үшін бағыт-бағдар екенін айтып, ардагерлерге азаматтық ұстанымы үшін алғысын білдірді. Елдің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқан бір топ азаматқа сый-құрмет көрсетілді.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Жаңа экопарк бой көтереді

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов жұмыс сапары аясында Щучинск қаласының орталық саябағын абаттандыру жобасымен танысты.

Биыл мұнда қаланың жайлы ортасын жаңарту және құру бойынша жұмыстар жоспарланған. Жоба аясында брусчатка төсеу, жабындарды абаттандыру, жарықтандыру орнату, шағын сәулет нысандарын орналастыру, сондай-ақ амфитеатр мен спорт алаңдарын салу қарастырылған. Басты көңіл көгалдандыруға бөлінген – шамамен 50 ағаш және 600-ден астам бұта отырғызу жоспарлануда. Сонымен қатар, екі балалар ойын алаңы жасалады, олардың бірі инклюзивті болады.



Экопарк құрылысы келесі аптадан басталады. Жобаны жүзеге асыру қаланың тұрғындары мен қонақтары үшін заманауи демалыс алаңын жасауға мүмкіндік береді.

А. ТОҚАНОВ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Даяуыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanzanreklama@mail.ru

ТАРАТУ

2. Жетісу облысының әкімдігі «Жетісу облысының еңбек инспекциясы бойынша басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (БСН 220740006495) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 38 (облыс әкімдігінің ғимараты), 620-кабинет.

3. «Түркістан қаласы, Жаңа қала мөлтек ауданы, 9-көше, №18/1 үй» Мүліктік меншік иелері бірлестігі (БСН 250340013805) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан қаласы, 9-көше, 18/1-үй, тел. 8 700 194 1313.

4. «МТИ-Восток» ЖШС (БСН 220940047925) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, 050059, Әл-Фараби даңғылы, 7-үй.

5. «ААТ Trade» ЖШС (БСН 190940017231) (мекенжайы ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Назарбаев көшесі, 124-үй, 21-пәтер, тұрғын емес жай) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Назарбаев көшесі, 124-үй, 21-пәтер, тұрғын емес жай, тел. 8 701 993 43 29.

7. «Kendara Ltd.» Жеке компаниясы (БСН 260340900862) (ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 56-үй), компанияны ерікті түрде тарату (Астана халықаралық қаржы орталығы компаниялар тізілімінен ерікті түрде шығару) туралы шешім қабылданғаны жөнінде хабарлайды. Компанияны тарату туралы шешім 2026 жылғы 3-сәуірде компанияның жалғыз акционерімен қабылданды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде компанияның мекенжайы бойынша қабылданады.

9. «Energо Company «ЮКА» ЖШС (БСН 110840000338) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 55-үй, 126-пәтер.

10. «Провизор» ЖШС (БСН 980840014982) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Тастак 2 шағынауданы 10-үй, 12-кеңсе.

12. «Сентябрь group» ЖШС (БСН 240140028864) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050011, Алматы қаласы, Түріксіб ауданы, Шолохов көшесі, 17/7-ғимарат, тел. +7 747 854 3282.

13. «Абылайхан-2010» ЖШС (БСН 100140000688) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы, Алкен Оспанов көшесі, 12А үй, индекс 160500.

14. «СЭТ-ГРУПП» ЖШС (БСН 241240029918) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, А.Бородинна көшесі, 225/1-үй, 12-пәтер.

ӘРТҮРЛІ

8. «Fortune Oil» (Фортчен Ойл) ЖШС (БСН 970440000222) жарғылық капиталдың азайтылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 050040, Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» БО, 14-қабат.

11. Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасының «Алматы Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» заңының 26-бабының 2-тармағының 24) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларының 289-тармағына сәйкес, бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы 2025 жылдың қорытындысы бойынша есепті Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында - www.almatysu.kz. орналастырылғаны туралы хабарлайды.

15. МАЭС 2023 № 3514-25-3-1/1196 2026 жылғы 19 наурыздағы ұйғарымымен «Silk 2020» ЖШС-не қатысты (БСН 190440020550) оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Комиссаров көшесі, 8-үй, 19-кабинет. Тел. 8-705-595-1004.

МҰРАГЕРЛІК

6. Алматы қаласы нотариусы, Жарасбаева Альмира Маулетхановна 27-ші шілде 2025 жылы қайтыс болған, тұрғылықты жері: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Зерделі ықшамауданы, 177-үй, 39-пәтер болып табылатын, ҚР азаматы Иемберген Ұлдархановтың артынан мұралық іс ашылғандығы туралы хабарлайды. Барлық мұрагерлер мына мекенжай бойынша: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Нұркент ықшамауданы, 5/24-үй, 10/1-кеңсеге келсін. Тел. 8-705-444-16-78.

16. 2023 жылғы 12 маусымда қайтыс болған азамат Байтөриев Ақмадияр Алтановичтің артынан ашылған мұралық іске байланысты мәселелер туындаған жағдайда, мүдделі тұлғалар Шелек ауылы, Орынтаев көшесі, 60/4-кеңседе орналасқан нотариус Байғожаева Рабат Станбековнаға хабарласуы қажет. Тел. 2-40-28.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanzanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖШС, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖШС, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривонова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, АҚО аумағы. Ұялы тел.: 8701268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

(Соңы. Басы өткен № 26 санды)

Күдікті – құбыр тазалаушы

Құрылтайдың ұясындай ғана бөлімше... Бұл жер қаншалықты кішкентай әрі тар болғанымен, соншалықты үлкен әрі ауқымды қылмыстарға тұжырымдар жасалып, қорытындылары бекітілген орын. Әдеттегідей темекісінің түтініне қарап терең ойланып отырған детектив мырзаның үнсіз тыныштығын бір демде үзіп, Қанат есікті ашты.

– Соңғы жаңалықтармен бөлісейін, Дидар. Ол шынымен де сайтан екен. Мұндай сұмдықты адам жасамайды ғой. Назарбаев, Гагарин көшелеріндегі саябақ арналарынан да әйелдердің мәйігі табылды. Сонымен қатар одан бөлек қаладағы 11 саябақтан мәйіттер табылды. Іздестіру жұмыстары жалғасуда.

Әзірше табылған мәйіттердің саны – 15. Бұл дегеніміз – сұмдық қой, сұмдық!

– Меніңше, Қанат достым, қылмыскер құбырларды тазалаушы болып жұмыс істейді. Себебі оған құбыр арналарын ашып-жабу еш қиындық та, күдік те тудыртпайды.

– Ендеше, құбыр тазалаушы қызметкерлерді тексерейік, – деді Қанат алқана сөйлеп.

– Жоқ, досым, олай болмайды. Олай жасасақ, біріншіден, уақыт жоғалтамыз, екіншіден, қылмыскердің келесі жоспарларын бақылаудан шығарып, алдағы құйтырқы істерінен мүлдем хабарсыз қалуымыз да мүмкін. Бізге тапқыр болу керек. Әйтпесе өкінішті сәттермен жиі ұшырасып қалуымыз да ғажап емес. Сондықтан айла керек.

– Дидар Холмс мырза, сізде ол айлаңның ендігі барына мен сенімдімін.

– Әрине, достым. Ол қанішерге өте қиын болмақ. Маған сендер қарап шыққан саябақтардың тізімдерін берші.

– Мінекі. Бұл жерде 30 саябақтың тізімі бар. Оның тең жартысында кісі өлімі болды. Ал қалған жартысы таза болып шықты.

– Бұл – қаланың картасы. Оқшау белгіде шенбермен көрсетілген аумақ – бұл саябақтар. Қылмыс болған жерлер қызылмен, ал тексергенде таза болғандары жасылмен белгіленген, – деп көлемі жарты метрге жуық Алматының картасын Қанат Дидарға ұстатты. Дидар ұзақ ойланып, іштей тұжырым жасап жатқаны жүзінен белгілі болып тұрды.

– Қанат, сен білесің бе, сериялық кісі өлімінің ерекшелігі неде екенін?

– Танбалары болатынында шығар?

– Дұрыс айтасың. Толық дұрыс айтпасаң да, жақындадың. Маған қалам берші, – деп ақырын өтінді. – Сериялық кісі өлімінде қылмыста ортақ белгілердің болуы немесе белгілі бір бағытта реттілікпен орын алуы шарт. Алғашқы қылмыс болған саябақтарды тік сызықпен біріктіргенде үшбұрыш пайда болады. Ал келесі мәйіттер табылған төрт саябақты біріктірсек, шаршы пайда болады. Келесі бес саябақты осылай белгілесек, – деп Дидар қаламмен дөңгелектей сызды да:

– Шенбер пайда болады, – деді.

– Осындай реттілікпен ол 12 адамды өлтіріп, арналарға жасырды. Келесі үш қылмыс, меніңше, ол ромб пішініне келеді. Ол ромбтың үш жақтауында да ендігі қылмысын жүзеге асырды. Ал енді төртінші жақтауы қалды. Мен қателеспесем, төртінші жақтауы – Байзақов көшесіндегі биокомбинат саябағы. Қанат достым, қане, айтып, қылмыстардың арасы қанша күннен кейін қайталанған?

– Үш күн сайын деген тұжырымдымыз. Бұл – мәйіт қорытындысын берген эксперттердің болжамы.

– Ендеше, Джепкот, досым! Қанат



Сайтан АУЛАУШЫЛАР

Ватсон мырза! Бүгін түнде жыртқыш келесі жемтігін өлтіреді. Байзақов көшесінің бойындағы саябақта.

– Рас па?

– Бәрі мен ойлағандай болса, рас әрине. Қанат Ватсон мырза! Сенің таныс дос, құрбы қыздарың бар ма?

– Әрине. Оны не үшін сұрадың?

– Біздің жыртқышты аулау операциямызға көп көмегі болар еді.

– Қандай көмек?

– Мен өзім түсіндіремін, аса қиындық тудыратын шаруа емес. Бір қыз болса жетеді. Айтпақшы, маған кинологтарға хабарласу керек. Бір ит артық етпейді. Күн қак төбеден ауа бастаған шақта олар оқиға орнына келді.

– Не ойлағаның бар, Дидар досым? – деген Қанаттың таңданысты сұрағына Дидар жай ғана жымиды да қойды...

Жыртқыш аулау операциясы

Түнгі сағат 02:17. Дидардың қолында – неміс овчаркасының қоңыр қарғыбауы. Ал саябақтың арғы бұрышында құрбы қызымен құшақтасып Қанат отыр. Бұл – Дидардың күдік тудырмау үшін жасаған кішігірім қойлымы еді. Әзірге күдікті ештеңе байқала қоймады. Саябақта біршама адам бар екен. Шатасу өте оңай.

04:38... Әйелдің жанұшыра айқай салған дауысы анық естілді. Дауыс Дидардың жобалауынша, саябақтың күншығыс беткейіндегі канализациялық арнадан шығып жатқан секілді. Олар дауысқа қарай жүгіре жөнелді. Дереве жетіп, арнаның қақпағын ашқан беті сол-ақ еді, бір құбырлықтан аумақтың ер кісі әйелдің тамағына пышақ тақап жатыр екен.

Ол Дидар мен Қанатты көріп, құбырды бойлай қаша жөнелді. Дидар болса ізінен әлгі итті құбырға түсіріп, қуалатып жіберді де, өзі құбырдың келесі қақпағына қарай жүгіре жөнелді. Бұл сәтте Қанаттың шапшаңдығы оқиғаны жеңілдетті. Себебі ол құбырды ашқанда қылмыскердің иығынан атып жаралап үлгерген болатын. Құбырды бойлай бір көше жоғары шыққан Дидар құбыр тазалаушылардың көлігін

байқап, көлікке қарай жүгірді. Көліктің дәл жанында канализация арнасының қақпағы ашық тұр екен. Қылмыскер қолға түсті десек те болады.

Сайтанмен бетпе-бет

Келесі күн... Тергеу изоляторында аузына шылымын қыстырған Дидар әлгі құбырлық бейнелі адамға теріс, терең қарап отыр. Дидар аса байыптылықпен тергеуді бастады.

– Сізді қалай атайын?

– Сайтан деп атаңыз, – деп жауап қайырды сұсты қылмыскер.

– Қылмысыңыз туралы өзіңіз баяндап беріңізші. Бәріміз үшін қызықты.

– Не үшін? Бәрі анық емес пе?

– Жоқ, бізге түсініксіз тұстары бар.

– Мысалы?

– Толық әрі түсінікті етіп баяндаңыз.

– Жарайды. Мен білемін, сенің есімің – Дидар. Сейфуллин көшесіндегі ескі пәтердің тұрғынысың. Өзіңді мықты детектив санайсың. Бірақ мықтысың деп айта алмас едім. Әйелің өмірден кеткелі жалғыздық жаныңды жеп жүр емес пе? Біреудің қылмысын ашқанша, өз кінәнді мойындап үйренсеңші, Дидаржан, – деп ол мысқылдап, қатты күле бастады.

Дидар аң-таң боп абдырап қалды. Содан соң өз-өзін жинап алды да, сабырлы жүзбен:

– Жалғастыра беріңіз, Сайтан мырза! – деді.

Қылмыскер өзінің жасаған психологиялық шабуылынан Дидардың аса ауыр соққы алмағанына іштей ғана таңданып, әңгімесін жалғады.

– Мен ең әуелі өмірден шаршап, депрессияда жүрген егде жастағы әйелдерді іздеп табамын. Оларды өзімнің жасырым қоймамда ұстаймын. Сосын канализациялардың ішінде айуандықпен өлтіремін. Оның дауысын естігендердің «сайтан бар» деп шошынғаны мені одан әрі қызықтыра түседі. Жұмысым толық аяқталмай қолға түскеніме аздап қапалымын. Бірақ алып шаһар Алматының үрейін алдым емес пе? – деп тағы да мысқылдап күлді. – Сіздердің

арқаларыңызда он алтыншы әйел тірі қалды емес пе? Сізге бір ақпаратымды айтайын. Менің жемтіктерімді қамайтын қоймам бар. Ол «Тозақ» деп аталады. Ол жерде адамдар канализацияның ішінде болатын ақтық сапары мен өз кезегі жеткенше азапталып, қиналады. Детектив Дидар мырза! Сіз білесіз бе, олардың қаншалықты азапталатынын?

– Қаншалықты?

– Тозақтағыдай. Мүмкін шынайы тозақтың жүзден біріндей ғана шығар.

– Сайтан мырза, айтыңызшы, неге сіз тек депрессиядағы әйелдерді таңдайсыз?

– Олар азапталған кезде өмірдің қандай керемет екенін ұғынады. Өз өмірлерінің құндылығын, ең қымбат екенін түсінеді. Бірақ өте кеш. Адамдар сондай: ауру келмей – денсаулықтың, аштық келмей – қара нанның, құрғақшылық басталмай – судың қадірін түсінбейді. Расымен де олар бұл өмірдің жұмақ екенін «тозақты» көрсетпейінше түсінбейді емес пе, детектив мырза? – деп сұстана қарады ол.

– Келесі сұраққа көшейік. Қылмыс орындарын неге геометриялық фигуралармен таңдадыңыз?

– Жай ғана. Сайтамын. Сіздермен ойнау да қызықты болсын дегенім ғой, – деп күлді ол. – Сізге іш пыстырарлық қылмыстар ұнамайды деп ойлаймын.

– Жақсы жауап, – деді Дидар. – Соңғы сұрағым: «Тозақ» деп аталатын қоймаңыз қай жерде және ол жерде жәбірленушілер бар ма?

– Әрине бар. Олар өте көп. Бірақ кешіріп қойыңыз, «Тозақтың» мекенжайын сізге бүгін айта алмаймын. Менің көңіл-хошым жоқ және аздап ойлануым керек. Олардың қауіпсіздігіне алаңдамаңыз, барлығы тірі.

– Жарайды, Сайтан мырза, келістік.

– Тағы бір сұрақ. Мен туралы қайдан білесіз?

– Дидар мырза! Ол – өте қарапайым дүние ғой. Сайтандар бәрін біледі. Себебі олар адамдарға тым жақын жерде жүреді емес пе? – деп әлгі ұсқынсыз мысқылын қайталады.

– Жарайды ендеше. Ертенге дейін, – деп Дидар орнынан тұрып, тымырсық изолятордан баяу сыртқа қарай беттеді.

Мың сұрақ

Танертенгісін Дидарға Қанат қонырау шалып, қамаудағы қылмыскердің өз-өзіне қол салып, көз жұмғанын хабарлады. Бұл жаңалық Дидарды мүлде қуантпады. Шұғыл бөлімшеге жетті. Қанат ол туралы:

– Толық аты-жөні – Нұрлан Біржанов. Алматылық азамат. Жасы 44-те. Құбыр тазалаушы болып он жылдан бері жұмыс істейді екен. Отбасы жоқ. Жеке пәтерінде жалғыз тұрған. Бар ақпарат – осы, – деді.

– Жарайды, жетеді. Өлерінің алдында басқа ештеңе қалдырмап па?

– Жоқ, ештеңе қалдырмаған.

– Біз оның қоймасын табуымыз керек, достым. Ол жерде қаншама бейкүнә адам қамауда отыр.

– Біз оның жұмыс орнын, үйін, көлік тұрағын тексеріп, түк ештеңе таппадық, Дидар.

– Қап! Оның өлімі бекер болды...

Бұл жалғыз адамның ісі емесі анық...

Қорқынышты сурет

Бір ай өткен соң... Сот үкімі әлгі қанішердің барлық қылмысын растады. Бөлімшенің алдында баяғы шер толған шылымын сорып Дидар тұр. «Ішке кірейік», – деді Қанат. Екеуі өздерінің ескі креслоларына жайғаса кетті. Қанат:

– Эх, бұл қылмыс та осылай бітті-ау, – деді алаңғасарланған күйі.

– Жоқ, достым, сен қателессің. Қызық енді басталды. Нағыз сорақы қылмыстар енді басталады, көр де тұр.

Қанаттың «Не дейсің?» дегенінше болған жоқ, бөлімшеге полиция қызметкерінің бірі жүгіріп кірді.

– Рұқсат па?

– Баяндаңыз, – деді Дидар.

– Райымбек көшесіндегі ойын алаңдарының бірінен әйел адамның азапталып өлтірілген денесі табылды. Оның арқа терісінде мүйізді адамға ұқсас бірдененің суретін өткірі ұстамамен салғаны көрініп тұр. Суретті өте шеберлікпен салыпты. Адамдар оның арқасын көрмеде картина тамашалағандай, бірақ шошынып қарайды. Сондай ұсқынсыз, қорқынышты сурет екен. Сонымен қоса сол жақ қолында пышақпен: «Сайтан жалғыз емес, олар өте көп», – деп жазылған жазуды байқадық.

– Жақсы. Өте жақсы. Оқиға орнына қазір барамыз. Бұл – анық әлгі канализациядағы арналарда жасалған қылмыстың жалғасы. Айттым ғой, бұл – бір адамның ғана жұмысы емес, бұл өте қауіпті ұйым болуы да ғажап емес. Бұл өте қауіпті болмақ. Есіңде ме, біз саябақта қылмыскерді қолға түсірген түн? Сол түні саябақта отырған немесе серуендеп жүрген адамдардың тіпті тең жартысынан көбі осы ұйымның адамдары болғанына сенімдімін. Олар шу шыққаннан соң өз рөлдеріне еніп, елді тез дүрліктіреді. Солайша жағымсыз ақпарат өзге тез таралады. Ол жерде біз де өз рөлмізді жақсы алып шыққандықтан, олар бізден күдіктенбеді ғой. Бұл қылмыс бізді сайтандардың тозағына апарары сөзсіз. Көрдің бе, Қанат Ватсон досым, расында да қызық енді басталды, – деп жымнып, Дидар өзінің жұмысына деген асқан құлшыныспен орнынан көтерілді.

– Дидар, қалай ойлайсың? – деп сұраулы жүзде Қанат аздап толғана: – Олар шынымен де сайтандар болғаны ма?

– Бәрі де мүмкін, Қанат Ватсон мырза! Бәрі де мүмкін.

– Дидар мырза, олар сайтандар болса, ал біз кім болғанымыз?

– Білмеймін, достым. Мүмкін «сайтан аулаушылар» болармыз, Қанат Ватсон досым! – деп Дидар басына кара кепкасын басып киді де, аузына шылымын қыстырып, сыртқа қарай беттеді.

Шархан МҰХАММЕД-ҚАНАПИЯ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6405 дана
Апталық таралым 12810 дана

Тапсырыс №54 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31